

Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде фразеология және радиоалмасу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 15 қарашада N 6635 тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде фразеология және радиоалмасу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеу үшін осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

Е. Дүйсенбаев

Көлік және коммуникация
министрінің міндетін
атқарушының
2010 жылғы 15 қазандағы
№ 454 бұйрығын бекітілген

Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде фразеология және радиоалмасу қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 18.09.2018 № 654 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы қағидалар

1. Осы Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде фразеология және радиоалмасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалары) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 мамырдағы № 279 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7006 болып тіркелген) бекітілген Әуе қозғалысына қызмет көрсету және ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтың (бұдан әрі – Нұсқаулық) талаптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі, сондай-ақ әуе қозғалысын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы жүзеге асыратын, одан тыс жерлердегі әуе кемелерінің (бұдан әрі – ӘК) экипаждары мен әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарының диспетчерлері арасында радиоалмасу жүргізу тәртібін және үлгілік фразеологиясын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалардың талаптарын ұшуларды орындауға және әуе қозғалысына қызмет көрсетуге қатысатын басқару, ұшу, диспетчерлік құрамдағы адамдар, сондай-ақ түрлі көлік және әуеайлақ құралдарында ұшу алаңында жұмыс істейтін жер үсті қызметтерінің қызметкерлері орындайды.

3. Осы Қағидаларда авиациялық электр байланысы радиожелілеріндегі, сондай-ақ ӘК экипаждары мен әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары диспетчерлері, диспетчерлер мен ұшу алаңында түрлі көлік және әуеайлақ құралдарында жұмыс істейтін жер үсті қызметтерінің қызметкерлері арасындағы өзара іс-әрекет кезінде радиоалмасу ұзақтығын қысқарту, ретке келтіру, оған сенімділікті арттыру және сапасын көтеруге бағытталған.

4. Фразеология әуе қозғалысына қызмет көрсету (ұшуларды басқару) органдарының диспетчерлері мен ӘК экипаждары арасындағы радиоалмасу барысында туындайтын негізгі ықтимал жағдайлар үшін әзірленген.

Радиоалмасу жүргізу кезінде осы Қағидаларда көзделген үлгілік сөз тіркестері сақталған жағдайда, радиотелефон байланысын жүргізу біркелкі болып, орын алуы мүмкін кез келген қос мағыналық азаяды.

5. ӘҚК маршруттарында, әуеайлақ аудандарында әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі – ӘҚК) мақсаттары үшін міндетті хабарлау пункттері (бұдан әрі – МХП), бақылау нүктелері немесе ӘҚК тарату шептері белгіленді:

1) ӘҚК органдарының жауапкершілік аудандары (аймақтары) арасындағы шекараларда;

2) ӘК ұшу бағытын өзгерту, ӘҚК маршруттарының қиылысу, ӘҚК маршрутына кіру (шығу) нүктелерінде;

3) көзбен шолып немесе борттық радиолокаторлардың көмегімен танылатын сипаттамалық бағдарларда;

4) биіктікті алу немесе төмендеу (эшелондарды ауыстыру) басталатын нүктелерде, белгіленген ұшу режимдері бар аймақтарда (аудандарда);

5) биіктікті алу, төмендеу және қонуға кіру схемаларының, күту аймақтарының сипаттамалық нүктелерінде.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Ұшуларды орындау және ӘҚК-ны жүзеге асыру кезінде ӘК экипаждарының рұқсаттар мен хабарларға сұранымдарын, ӘҚК органдары диспетчерлерінің нұсқаулары мен ақпараттарын қамтитын міндетті хабарлар белгіленеді:

1) тіркеп сүйреу, қозғалтқыштарды іске қосу, алдын ала стартқа және атқару стартына рульдеу, ұшып шығуға (қонуға) дайындық және оларды орындау, қондыру жүйелерін, қонуға кіру схемаларын қолдану туралы, қонғаннан кейін ұшу-қону жолағын (бұдан әрі – ҰҚЖ) босату және тұраққа рульдеу туралы;

2) ӘҚК аудандарына (аймақтарына) кіру, олардан шығу, міндетті жеткізулер межелерін ұшып өтудің нақты және есептік уақыты, схемаларда белгіленген бақылау нүктелерін ұшып өту, берілген эшелонды (биіктікті) алу немесе төмендеу, қайта берілген эшелонға (биіктікке) тұру туралы;

3) ұшудың метеожағдайлары (қауіпті метеорологиялық құбылыстар), сондай-ақ құстардың (олар болған жағдайда) көбеюі мен ұшып келуі туралы;

4) нақты ӘК қатысты әуеайлақ, әуе трассалары бойынша, ұшу маршруттарында және авиациялық жұмыстар аудандарында бар шектеулер туралы;

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Осы бұйрықтың 1-қосымшасында көрсетілген радиоалмасу кезінде авиациялық терминологияның бір бөлігі болып табылатын кейбір шектеулерді қолдануға жол

беріледі, олар әріптерді хабарлауға арналған алфавитті қолданбай, яғни сөздерді тікелей оқу арқылы айтылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.02.2023 № 106 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. ӘҚҚ органдарының диспетчерлері ӘК экипаждарымен радиоалмасу кезінде, ӘҚҚ органының диспетчері белгілі бір диспетчерлік пунктте ӘҚҚ-ны жүзеге асыруы үшін әзірленетін жұмыс технологиясын және осы Қағидаларды басшылыққа алады.

9. Әуеайлақ аудандарында ұшып келетін және ұшып шығатын ӘК үшін метеорологиялық және ұшу ақпаратын радиохабар арқылы автоматты түрде тарату (АТІS) немесе ауа-райын өте жоғары жиілікті (ӨЖЖ) ауқымдағы радиобайланыс арнасы (МВ-арна) арқылы автоматты түрде тарату жүйелері жұмыс істейтін әуежайларда ӘК экипажы, тиісінше, ұшып шыққан кезде рульдеу диспетчерлік пунктiнiң (РДП) диспетчерлерiне, қонған кезде жақындау диспетчерлік пунктiнiң (ЖДП) диспетчерлерiне АТІS ақпаратын тыңдағаны немесе МВ-арна арқылы ауа-райын алғаны туралы хабарлайды. Егер әуе кемесiнiң экипажы АТІS ақпаратын тыңдағаны немесе МВ-арна арқылы ауа-райын алғаны туралы хабарламаса, онда диспетчер оны баяндауды талап етеді.

10. Әуе қозғалысына ӘҚҚ-ның байқау жүйелері (әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі – ӘҚБ АЖ) немесе қайталама шолу радиолокаторы (бұдан әрі – ҚШРЛ)) арқылы қызмет көрсеткен жағдайда, қолданылуының технологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, радиоалмасу фразеологиясы қолданылады.

11. Қазақстан Республикасы аумағында радиотелефон байланысы қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады. Ағылшын тілі кез келген борттық станцияның сұранысы бойынша және бекітілген әуежайларға (әуеайлақтарға) және халықаралық ұшуларды қамтамасыз ету үшін қолданылатын бағыттарға қызмет көрсететін барлық жер үсті станцияларында қолданылады.

12. Осы Қағидаларда белгіленген радиоалмасу фразеологиясы, осы Қағидаларда көзделген барлық жағдайларда қолданылады. Осы Қағидада көзделмеген жағдайлар орын алған жағдайда, радиобайланыс жүргізу кезінде қарапайым ауызекі тіл қолданылады.

13. Осы Қағидаларда Қазақстан аумағындағы ӘҚҚ-ның халықаралық практикадан айырмашылығы (өлшем бірліктері, әуе кеңістігі құрылымы мен орындалатын процедура ерекшеліктері, биіктік өлшеу қондырмалары), сондай-ақ орыс және ағылшын тілдеріндегі лексикалық өзгешеліктер ескеріледі.

14. Осы Қағидаларда белгіленген талаптардан ауытқу фразеологияны бұзумен тең.

15. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар қолданылады:

- 1) абсолюттік биіктік (altitude) – теңіздің орташа деңгейінен вертикаль бойынша нүктенің немесе нүкте ретінде қабылданған объектінің деңгейіне дейінгі қашықтық;
- 2) ӘК радиолокациялық векторлау (radar vectoring) – радиолокатордың деректерін пайдалану негізінде белгілі бір бағыттарды көрсету арқылы ӘК навигациялық дәлденуін қамтамасыз ету;
- 3) әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету (aerodrome control service) – әуеайлақтық қозғалыстарға диспетчерлік қызмет көрсету;
- 4) әуеайлақтық қозғалыс (aerodrome traffic) – әуеайлақтың маневр жасау алаңындағы ӘК және көлік құралдарының қозғалысы, сондай-ақ әуеайлақ ауданында барлық ӘК ұшулары;
- 5) әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету органы (AFIS) – әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсетуге және авариялық хабар беруге арналған орган;
- 6) әуе қозғалысы (air traffic) – ұшуда және әуеайлақтың маневр жасау алаңындағы әуе кемесінің қозғалысы;
- 7) әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету органы – тиісті жағдайларда аудандық диспетчерлік пункт орталығын, қону жақындағанда диспетчерлік органды немесе әуеайлақтық диспетчерлік пунктті білдіретін ортақ термин;
- 8) әуе қозғалысына қызмет көрсету (air traffic service) – тиісті жағдайларда ұшу-ақпараттық қызмет көрсетуді, авариялық құлақтандыруды, әуе қозғалысына консультациялық қызмет көрсетуді, әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуді (аудандық диспетчерлік қызмет көрсету, жақын келгенде диспетчерлік қызмет көрсету немесе әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету) білдіретін жалпы термин;
- 9) әуе қозғалысына қызмет көрсетуді бақылау жүйесі – ADS-B, ПОРЛ, ҚШРЛ жүйелері немесе әуе кемесін тануға мүмкіндік беретін кез келген басқа салыстырмалы жер үсті жүйесі деп түсінілетін жалпы термин;
- 10) әуе трассасы – ӘК ұшуына арналған және аэронавигациялық құрылғыларымен жабдықталған дәліз түріндегі әуе кеңістігі;
- 11) бақыланатын әуе кеңістігі (controlled airspace) – әуе кеңістігінің сыныпталуына сәйкес оның шегінде әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету қамтамасыз етілетін белгілі бір көлемдегі әуе кеңістігі;
- 12) "блиндпен" хабарлау (blind transmission) – екі жақты байланыс орнату мүмкін болмаған, бірақ шақырылып жатқан станция хабарларды қабылдай алады деген болжам болған жағдайда бір станциядан екінші станцияға хабар беру;
- 13) диспетчерлік аймақ (control zone) – жер бетінен бастап белгіленген жоғары шекараға дейінгі созылатын бақыланатын ӘК;
- 14) диспетчерлік рұқсат (air traffic control clearance) – ӘКҚ органы әуе кемесінің экипажына ұшуды орындауға байланысты беретін және тиісті шарттармен және ұшу қағидаларында белгіленген негізделген рұқсат;

- 15) екі жақты "жер – әуе" байланысы (air-ground communication) – әуе кемелері мен ӘҚҚ органдары арасындағы екі жақты байланыс;
- 16) жақындау диспетчерлік қызмет көрсету (approach control service) – ӘК әуеайлақтардан (тікұшақ айлақтарынан) ұшып келуі мен ұшып кетуіне байланысты ұшуларға диспетчерлік қызмет көрсету;
- 17) жол сызығы (track) – оның кез келген нүктесіндегі, бағыты әдетте меридиандардың солтүстік (ақиқат, магниттік немесе шарттық) бағытынан бастап есептелетін бұрыштық градуспен көрсетілетін ӘК жер үстінде ұшу траекториясының проекциясы;
- 18) көзбен шолып қарағандағы метеорологиялық жағдай (visual meteorological conditions) – бұлтқа дейінгі арақашықтық ұзақтығының және белгіленген минимумға сәйкес келетін немесе одан асып түсетін бұлттардың төменгі шекарасының биіктігінің шамаларын білдіретін метеорологиялық жағдай;
- 19) күту рәсімі (holding procedure) – ӘК кезекті рұқсатты күту кезінде белгілі бір әуе кеңістігінде тұруына мүмкіндік беретін маневрлар;
- 20) қонуға көзбен шолып кіру (visual approach) – ұшу кезінде аспаптар бойынша қонуға кіру (бұдан әрі АҰЕ) схемасы ішінара немесе толықтай сақталмаған кезде және қонуға кіру жердегі көзге көрінетін бағдарлар бойынша орындалған жағдайда қонуға кіру;
- 21) маневр жасау алаңы (manoeuvring area) – перронды қоспағанда, ӘК ұшуына, қонуына және рульдеуіне арналған әуеайлақтың бөлігі;
- 22) перрон (apron) – ӘК жолаушыларды отырғызу (түсіру), почтаны және жүктерді тиеу немесе түсіру, май құю, тұраққа қою немесе техникалық қызмет көрсету мақсатында әуе кемесінің орналастыруға арналған әуеайлақтың құрлықтағы белгіленген алаңы;
- 23) радиохабар тарату (broadcast) – нақты бір станцияға (немесе станцияларға) арналмаған, аэронавигацияға қатысты ақпарат беру;
- 24) рұқсаттың қолданылу шекарасы (clearance limit) – ӘК берілетін диспетчерлік рұқсаттың оған дейін жарамды пункті;
- 25) тану (identification) - ӘК орналасқан жерінің белгісі әуе жағдайының индикаторында көрінетін және танылатын жағдайлар;
- 26) ҰҚЖ-дағы көру мүмкіндігінің қашықтығы (runway visual range) – ҰҚЖ осьтік жол сызығында тұрған әуе кемесінің кабинасынан ұшқыш ҰҚЖ бетінде таңбаланған белгілерді немесе ҰҚЖ шектейтін не осьтік жол сызығын белгілейтін оттарды көруі мүмкін шектегі ең жоғары арақашықтық;
- 27) ұшу ақпаратының орталығы (ҰАО) – ұшу-ақпараттық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге және авариялық хабар беруге арналған орган;

28) ұшу жоспары (flight plan) – ӘҚҚ органдарына ұсынылатын әуе кемесінің көзделіп отырған ұшуы немесе ұшудың бір бөлігі туралы белгілі бір мәліметтерді қамтитын белгіленген нысандағы құжат;

29) ұшулардың әуеайлақтық шеңбері (aerodrome traffic circuit) – ол бойынша (немесе бөлігі бойынша) ұшып көтерілгеннен кейін биіктік алу, қонуға бет алу үшін құлдилау, қонуды күту, әуеайлақ үстінде ұшуды орындай алатын әуеайлақ ауданында белгіленген бағыт;

30) ұшу эшелоны (flight level) – 760 миллиметр сынап бағанасының (1013,2 гектопаскаль) белгіленген қысым шамасына жатқызылған және қысымның белгіленген аралықтары шамасында осындай басқа да беттерден биік тұратын тұрақты атмосфералық қысым беті;

31) хабар жеткізу пункті (reporting point) – ӘК ұшып бара жатқан жерін хабарлауға болатын белгілі бір географиялық бағдар.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Осы Қағидаларда қолданылатын, авиациялық ағылшын тілінде қабылданған қысқартулар осы Қағидалардың 1-қосымшасында келтірілген.

2-тарау. Радиоалмасудың жалпы тәртібі

1-параграф. Радиоалмасу жүргізу

17. ӘҚҚ диспетчерлік пункттерінің диспетчерлерімен радиоалмасу кезінде авиациялық электр байланысын ӘК командирі немесе оның тапсырмасы бойынша ӘК экипажы мүшелерінің бірі, ал байланыстың жер үсті арналары бойынша – ӘҚҚ диспетчерлері мен әуежайдың (әуеайлақтың) немесе әуе кемесін пайдаланушының (бұдан әрі – пайдаланушы) жер үсті қызметтеріндегі қызметкерлер жүзеге асырады.

18. Байланыстың жер үсті арналары бойынша ұшуларды орындауға, оларды қамтамасыз етуге және әуе қозғалысына қызмет көрсетуге тікелей қатысы жоқ радиоалмасу жүргізуге немесе ақпаратпен алмасуға тыйым салынады. Радиоалмасуды осы Қағидаларда белгіленген талаптардан ауытқып жүргізуге ӘК ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты, жекелеген жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

19. Радио арқылы сөйлесу паразит-сөздерсіз және мүдіріп қалу дыбыстарынсыз, жеке сөздерді оқу қағидасы сақталып, анық оқылып, қысқа болуы тиіс. ӘК ұшуды орындауына, ӘҚҚ-ға және ӘК ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты мәліметтер таратылуы тиіс.

20. Қазақстан Республикасының аумағында (аумағы үстінде) ӘК экипаждары радиоалмасуды қазақ тілінде немесе орыс не ағылшын тілінде жүргізеді. Экипаждың байланысқа алғаш шыққан сәтінде таңдаған тілі осы диспетчерлік пункттің бүкіл

жауапкершілік аймағында ұшу кезінде сақталады. Ұшу қауіпсіздігі мақсатында, радиоалмасу жүргізу тілін тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша өзгертуге болады.

21. Қабылданатын ақпаратты қабылдау сапасын арттыру және бұрмалануын немесе қате тұжырымдалуын болдырмау мақсатында:

1) хабар беруді бастамас бұрын қолдануға белгіленген жиілікте радиоалмасу бар екенін, жүріп жатқан хабар беруге кедергі келтірмес үшін, байланыстың жер үсті арнасының бос еместігін білдіретін сигналдың жоқтығын тыңдап алу қажет;

2) анық және таза сөйлеу қажет: сөйлеу жылдамдығы минутына 100 сөзден аспауы тиіс;

3) ақпаратты беру дыбысын тұрақты деңгейде ұстау қажет;

4) хабар беруді бастамас бұрын беру ауыстырып-қосқышын (тангентаны) басып, хабар аяқталғанша ұстап тұру, оның "жабысып қалуын" уақтылы ескерту қажет.

22. ӘК экипаждарымен және жердегі абоненттермен радиоалмасу жүргізу ерекшелігін диспетчер белгілейді.

2-параграф. Әріптер мен сандарды хабарлау

23. Байланысты жылдамдату үшін, сөздерді фонетикалық алфавитті қолдану арқылы әріптеп айтпай, толық айтқан дұрыс, тек хабар дұрыс қабылданып, дұрыс түсінілсе болғаны.

24. Радиотелефон индексі мен әуе кемесінің түрін қоспағанда, ӘК шақыру белгісіндегі әрбір әріп фонетикалық алфавитті қолданып, жеке-жеке айтылуы тиіс.

25. Егер радиоалмасу жүргізу барысында жалқы есімдердің, қызметтік қысқартулардың және жеке сөздердің айтылуы түсініксіз болса, олар әріптеп айтылады. Мұндай жеткізу кезінде мәтіндегі әрбір әріп оған берілген атау бойынша айтылады.

26. Фонетикалық алфавитті қолдану кезінде осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 1-кестеде келтірілген сөздерді қолданған дұрыс.

27. Радиотелефон арқылы хабарланатын сандар осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 2-кестеге сәйкес айтылады.

28. Бүтін жүздіктерден, бүтін мыңдықтардан және бүтін мыңдықтар мен бүтін жүздіктер қатарынан басқа сандарды ағылшын тілінде айтқан кезде, әрбір сан жеке айтылады. Бүтін жүздіктер мен бүтін мыңдықтарды айтқан кезде жүздіктер немесе мыңдықтар санын білдіретін әрбір цифр жеке айтылғаннан кейін, тиісінше "жүз" немесе "мың" сөзі айтылады. Мыңдықтар мен бүтін жүздіктерді айтқан кезде әрбір цифр мыңдықтар санын білдіретін санда айтылып, одан кейін "мың" сөзі, әрі қарай жүздіктер саны мен "жүз" сөзі айтылуы тиіс. Сандарды айту үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 3-кестеде ағылшын және орыс тілдерінде келтірілген.

29. Радиобайланыс тұрақсыз болған жағдайда бағыттарды, пеленгілерді, атмосфералық қысымды, эшелондарды, уақытты және ұшуларды орындауға қатысты

басқа да деректерді хабарлау кезінде сандағы әрбір цифрды жеке айтқан дұрыс. Мұның үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 4-кестеде келтірілген.

30. Ондық үлестер ағылшын тіліндегі "decimal (дэ-си-мал)" сөзімен және тиісті жерде айтылатын орыс тіліндегі "ЗАПЯТАЯ" сөзімен беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 5-кестеде келтірілген.

3-параграф. Уақытты хабарлау

31. Уақыт туралы хабар берген кезде сол кездегі уақыттың минуттары ғана көрсетіледі. Уақыт мәнін дұрыс түсінбей қалу жағдайы орын алмас үшін, қажет болған жағдайда, сағат та минуттар да көрсетіледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 6-кестеде келтірілген.

32. Уақыт туралы хабар беру кезінде дүниежүзілік координацияланған уақыт қолданылады (орыс тіліндегі аббревиатурасы – УТЦ, ағылшын тіліндегі аббревиатурасы – UTC).

33. Борттағы сағаттардың көрсеткіштерін ұшу кезінде тексеру ӘҚҚ-ның тиісті органынан ағымдағы уақытты сұрау арқылы жүргізіледі. Тексеру кезінде уақыт минуттың ширегіне дейін айтылып, дәл көрсетіледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 7-кестеде келтірілген.

34. МЖП-ны кезекті ұшып өтудің есептік уақыты ӘК ұшып бара жатқан жері туралы хабармен бірге немесе ӘҚҚ диспетчерінің сұрауы бойынша айтылады.

35. Егер ұшу жағдайлары бойынша МЖП-ны кезекті ұшып өтудің бұрын хабарланған есептік уақытының 2 және одан көп минут айырмашылығы болса, ӘК экипажы ӘҚҚ диспетчеріне МЖП-ны ұшып өтудің жаңа нақтыланған есептік уақытын хабарлайды.

36. ӘК экипажы МЖП-ға шығудың нақты уақытын ӘҚҚ диспетчеріне МЖП-ны ұшып өту сәтінде хабарлайды. ӘК экипажы МЖП-ны нақты ұшып өткені туралы, ұшып өткеннен кейін мүмкіндігінше ертерек баяндауы тиіс.

4-параграф. Үлгілік сөздер мен сөз тіркестері

37. Радиоалмасу барысында осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 8-кестеге сәйкес мәндегі үлгілік сөздер мен сөз тіркестерін қолданған дұрыс.

38. Ағылшын тіліндегі авиациялық фразеологияда "тыйым саламын" деген ұғым жоқ. Ағылшын тілінде мына сөздердің орнына:

1) "іске қосуға тыйым саламын" дегеннің орнына "negative start up" деп айтылып, себебі түсіндіріледі, мысалы: "Negative start up, snow removal in progress, expect one hour delay" - "Іске қоспай тұра тұрыңыз, қар күреліп жатыр, бір сағатқа кідіре тұрыңыз";

2) "рульдеуге тыйым саламын" дегеннің орнына "hold position" деп айтылып, себебі түсіндіріледі;

3) "екінші айналымға кетіңіз" дегеннің орнына "go around" деп айтылып, себебі түсіндіріледі, мысалы "Go around runway is occupied";

4) "ұшуға тыйым саламын" дегеннің орнына "hold position" деп айтылады, егер әуе кемесінің экипажына ұшуға рұқсат етіліп, ол екпін алуды әлі бастамаса;

5) "ұшуға тыйым саламын" дегеннің орнына "stop immediately" деп айтылады, егер әуе кемесі екпін ала бастаса.

Басқа жағдайларда "unable to approve" – "рұқсат ете алмаймын" деген сөз тіркестері қолданылады.

39. Авиациялық ағылшын тілі фразеологиясында "жүріңіз" сөзі мынадай жағдайларда қолданылады:

1) эшелондау бойынша көрсету арқылы – ...(эшелон, биіктік) UC арқылы жүріңіз – "cross UC at...(level)";

2) рұқсат етілген бағытқа параллель жол сызығымен (аралас) ұшуға байланысты көрсету арқылы – (бағыттан, жол сызығынан) оңға/солға ...(қашықтықта) жүріңіз – "proceed offset ... (distance) right/left of (route, track)";

3) күту аймағына бағыттауға байланысты көрсету арқылы (ПОД, бақылау нүктесіне) – "proceed to AI...";

4) ӘК немесе көлік құралының артынан жүріңіз – "follow...".

5-параграф. ӘҚК органдарының (диспетчерлік пункттердің) және ұшуды орындауды қамтамасыз ететін абоненттердің шақыру белгілері

40. ӘК экипаждарымен радиотелефон байланысын жүргізу үшін диспетчерлік пункттерге осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 9-кестеге сәйкес радиотелефондық шақыру белгілері белгіленген.

Радиолокациялық бақылау (бұдан әрі – РЛК) болған жағдайда "Шеңбер" диспетчерлік пунктіне "RADAR" деген шақыру белгісі беріледі. "Шеңбер" диспетчерлік пункті "Жақындау" диспетчерлік пунктінің функцияларын орындаған жағдайда, оған "APPROACH" деген шақыру белгісі берілуі мүмкін.

41. Тиісті диспетчерлік пункттің (ӘҚК органының) диспетчерін шақыру үшін ӘК экипажы оның географиялық орналасқан жерін (шартты атауын) және берілген радиотелефондық шақыру белгісін атайды.

ӘҚК бірнеше бағыттары (секторлары) болған кезде диспетчерлік пункттің шақыру белгісіне оларға берілген белгі қосылады.

Қолданылатын үлгі: "Алматы-Бақылау"; "Нұр-Сұлтан-Жақындау"

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Диспетчерлік пунктпен радиоалмасу мазмұнының бұрмалануын болдырмайтын сенімді байланыс орнағаннан кейін, диспетчерлік пункттің географиялық орналасқан

жерінің атауын (шартты атауын) және радиотелефондық шақыру белгісін атамауға да болады.

6-параграф. ӘК шақыру белгілері және рейстердің белгілері

43. ӘК экипаждары диспетчерлік пункттермен радиобайланыс жүргізу үшін мынадай шақыру түрлерін:

радиотелефон байланысы кезінде:

1) Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) белгілеген немесе пайдаланушыны тіркеу кезінде алынған авиакомпанияның ресми атауын (радиотелефондық шақыру белгісін) және рейс нөмірін;

2) ӘК тіркеу нөміріне берілгенге сәйкес келетін белгілерді;

3) ӘК тіркеу белгісі алдында ӘК дайындаушы фирманың немесе моделдің атауын;

4) авиакомпанияның радиотелефондық шақыру белгісін және ӘК соңғы төрт тіркеу белгісін;

телеграф байланысы кезінде – борттық радиостанцияны пайдалануға берілген рұқсатта көрсетілген бес әріптен тұратын шақыру белгісін қолданады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. ӘК экипажы сенімді радиобайланысты орнатқаннан кейін және радиоалмасуды жүргізу процесінде шақыру белгілерінің цифрлық және әріптік мәндері:

1) ӘК бес таңбалы цифрлық шақыру белгісін соңғы үш цифрға дейін (85130-130);

2) ӘК шақыру белгісі ӘК-нің бес тіркеу белгісінен тұрған кезде бірінші белгіге және соңғы екі белгіге дейін (PNFEM-PEM);

3) ӘК шақыру белгісі ӘК-нің бес тіркеу белгісінен көп белгіден тұрған кезінде бірінші белгіге және соңғы үш белгіге (цифрға) дейін (N57826 – N826);

4) радиотелефондық авиакомпанияның шақыру белгісі және ӘК-нің соңғы төрт тіркеу белгісі радиотелефондық авиакомпанияның шақыру белгісіне және соңғы екі шақыру белгісіне дейін (FUSTAIR DCAB-FUSTAIR AB);

5) ӘК-нің тіркеу белгілерінің алдында дайындаушы фирманың атауы немесе ӘК моделі дайындаушы фирманың атауына немесе ӘК моделіне және соңғы екі тіркеу белгісіне дейін (SECSHA GABCD – SECSHA CD) қысқартылуы мүмкін.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. ӘК өзінің қысқартылған шақыру белгісін ӘҚҚ органы қолданғаннан кейін ғана қолданады.

46. Байланыста шақыру белгілері соңғы үш цифры немесе соңғы екі әрпі бірдей немесе үндес (дыбысталуы ұқсас) екі немесе одан көп ӘК анықталған жағдайда, оның

шақыру белгісін қысқартуға рұқсат етілмейді. Белгілері үндес ӘК бар аймақта (ауданда) толық шақыру белгілерін қолдану туралы нұсқауды ӘҚҚ диспетчерлік пунктiнiң диспетчерi бередi.

47. ӘК авиакомпания атауынан (радиотелефондық шақыру белгiсiнен) және рейс нөмiрiнен тұратын шақыру белгiсiн қолданған жағдайда, ӘК шақыру белгiсiн қысқартуға болмайды.

48. Жүрiп өткен жолының турбуленттiлiгi жағынан ауыр немесе аса ауыр санатына жататын ӘК экипажы әрбiр диспетчерлiк пунктпен бастапқы байланыс кезiнде өзiнiң шақыру белгiсiнен кейiн тиiсiнше "ауыр" - "heavy" немесе "аса ауыр" – "super" деген сөздердi енгiзуге тиiс.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрiнiң 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

7-параграф. Хабарланатын сандық мәндердiң көлемi

49. Сандық мәндердi хабарлаған кезде оның көлемi осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 10-кестеге сәйкес өлшем бiрлiктермен анықталады.

50. ӘК экипажы мен диспетчер арасында хабар мазмұнын дұрыс түсiнбей қалуды болдырмайтын, орыс тiлiндегi сенiмдi екi жақты радиотелефон байланысы орнағаннан кейiн, өлшем бiрлiктерi мәнiн олардың атауынсыз хабарлауға болады.

8-параграф. Радиотелефон байланысын орнату және жүргiзу

51. Радиотелефон байланысын орнату кезiнде ӘК экипажы өзiнiң әуе кемесi мен ӘҚҚ органының толық шақыру белгiсiн қолданады.

52. ӘК мен ӘҚҚ органының шақыру белгiлерiн қою тәртiбi радиоалмасу кезiнде мынадай болуы тиiс:

"жер – әуе" радиоалмасу кезiнде – ӘК шақыру белгiсi, әрi қарай хабар немесе жауап ;

"әуе – жер" радиоалмасу кезiнде:

- 1) жаңа ақпарат беру немесе сұрау кезiнде – ӘК шақыру белгiсi, әрi қарай хабар;
- 2) ӘҚҚ органының хабарына жауап беру кезiнде – қабылданған ақпаратты қайталау немесе алғанын растау, әрi қарай ӘК шақыру белгiсi. Үлгiсi осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 12-кестеде келтiрiлген.

53. Байланыс орнату кезiнде шақырудың қабылданатынына сенiмдi болған жағдайда, шақыруға жауапты күтпей, хабар жiберуге болады. Үлгiсi осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 13-кестеде келтiрiлген.

54. Диспетчерге хабарды диспетчерлік пункт аймағындағы (ауданындағы) барлық ӘК тарату талап етілген жағдайда, хабар барлық борттарға жіберіледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 14-кестеде келтірілген.

Жалпы шақырулар растауды талап етпейді. Жеке ӘК экипаждарының хабарды алғандығына сенімсіздік туындаған жағдайда, оларды диспетчер хабарды алғандықтарын толық немесе жартылай растау үшін шақырады.

55. Қабылданған хабардың дұрыстығына күмән болған жағдайда, оны түгелдей немесе жартылай қайталау талап етіледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 15-кестеде келтірілген.

56. Егер диспетчер кедергілерді немесе қандай да бір себептердің салдарынан ӘК нөміріне (шақыру белгісіне) сенімсіз болса, диспетчер шақырып отырған экипаждың нақты белгісін анықтау үшін оның шақыру белгісін сұрайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 16-кестеде келтірілген.

57. Диспетчер кімге екені белгісіз нұсқаулар (рұқсаттар) бермейді, ал ӘК экипажы оларды орындамайды.

58. Егер хабарлау кезінде қате жіберілсе, түзету енгізу үшін "Түзету беремін" деген сөз тіркесі айтылып, содан кейін соңғы дұрыс сөздер тобы немесе сөз тіркесі қайта айтылып, хабардың дұрыс нұсқасы беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 17-кестеде келтірілген.

59. Егер түзетуді бүкіл хабарды қайталау арқылы енгізу ыңғайлырақ болса, онда диспетчер немесе ӘК экипажы "correction, i say again" немесе "түзету беремін, қайталаймын" деген сөйлемді екінші рет қолданады.

60. Сөзбе сөз растау қажет болмаса (read back), диспетчер немесе экипаж станцияның шақыру белгісін немесе "roger" немесе "түсіндім" сөздерін қолданады.

61. Диспетчерлер ӘК бортына ұшып көтерілу, бастапқы биіктікті алу кезінде, қонуға кірудің соңғы кезеңінде немесе қону кезіндегі жүріс кезінде, ӘК ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттары талап ететін жағдайларды қоспағанда, ешқандай хабарлама бермейді.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Егер хабар қабылдау қиын болатын болса, онда оның маңызды элементтері екі қайтара хабарлануы тиіс.

63. Сөзді әріптеп қайталау үшін (мысалы, геонүктені), "Spell the word...." - "Әріптеп айтыңыз ..." сөз тіркесі қолданылады.

64. Егер ӘК экипажымен радиобайланыс орнату қиын болса немесе радиостанцияның техникалық ерекшеліктеріне қарай мүмкін болмаса, диспетчер өзінің хабарларын қайта тарату үшін басқа ӘК экипаждарын пайдалана алады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 18-кестеде келтірілген.

9-параграф. ӘҚҚ-ны тапсыру

65. ӘК экипажы өзі ұшып келе жатқан ӘҚҚ-дағы диспетчерлік пункттің диспетчерінің радиобайланыс арнасын (жиілігін) үзбей тыңдайды.

66. Басқа диспетчерлік пункттің диспетчерімен радиобайланыс орнатуға ауысу ӘК ӘҚҚ көрсетілген аймақтағы (аудандағы) диспетчерлік пункттің диспетчерінен рұқсат алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 19-кестеде келтірілген.

67. Диспетчерден шектес диспетчерлік пункттің жұмыс жиілігіне ауысу туралы нұсқау болмаған жағдайда, ӘК экипажы ауысуды жүзеге асырмас бұрын өзі ұшып келе жатқан ӘҚҚ диспетчерінен рұқсат сұрайды.

68. Егер ӘК экипажына белгіленген жиілікте байланыс орнату мүмкін болмаса, ұшып өткен ӘҚҚ диспетчеріне баяндап, онымен радиоалмасуды соның жиілігінде жүзеге асырады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 20-кестеде келтірілген.

69. ӘҚҚ органы қосымша хабарлар береді деген болжам болса, ӘК экипажына көрсетілген жиілікте "standby" немесе "қабылдауға дайын болыңыз" деген және "monitor" немесе ақпарат берілетін жиілікті "тыңдаңыз, бақылаңыз" деген нұсқау беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы келтірілген.

10-параграф. Рұқсаттар беру және оларды қайталауға қатысты талаптар

70. Диспетчерлер ӘК экипажы жазып алуы үшін, рұқсаттарды баяу ырғақта және анық айтуы тиіс.

Бағыт бойынша ұшуға берілетін диспетчерлік рұқсат ӘК бортына қозғалтқыштарды іске қоспас бұрын берілуі тиіс.

Диспетчер бағыт бойынша ұшуға диспетчерлік рұқсатты экипажға мына жағдайларда бермейді:

- 1) экипаж рульдеумен айналысып жатса;
- 2) ӘК атқару стартында болса немесе көтеріліп бара жатса.

71. Бағыт бойынша ұшуға берілетін диспетчерлік рұқсат, ұшуға немесе қолданыстағы ҰҚЖ-ға тұруға берілген нұсқау емес.

72. Бағыт бойынша ұшуға берілетін диспетчерлік рұқсатта мынадай ақпарат болады :

- 1) рұқсат шегі – оған дейін ұшуға рұқсат етілген пункт;
- 2) әуеайлақ ауданынан шығу бағыты, аспаптар бойынша шығудың (ағылшын тіліндегі аббревиатурасы SID) стандартты бағыттары болған жағдайда, стандартты бағыт атауы беріледі. Ол болмаған жағдайда – шығу бағытының сипаттамасы беріледі;
- 3) рұқсат етілген алынатын биіктік;
- 4) жауап берушінің коды;

5) радиобайланыс арнасының жиілігі және ұшып көтерілгеннен кейін жұмыс істеу қажет болатын ӘҚҚ органының атауы.

73. Дұрыс түсінбей қалу қаупін болдырмас үшін траекторияны сипаттау кезінде "take-off" сөз тіркесі қолданылмайды. Бұл сөз тіркесі ұшуға рұқсат ету немесе оны өзгерту үшін ғана қолданылады. Қалған жағдайларда "departure" және "airborne" сөздері қолданылады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 22-кестеде келтірілген.

74. Бастапқы берілген диспетчерлік рұқсаттағы деректер өзгерген жағдайда, диспетчер ӘК экипажына осы өзгерістерді хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 23-кестеде келтірілген.

75. Осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 24-кестеде келтірілген ӘҚҚ органдарының хабарларын (нұсқауларын, рұқсаттарын) экипаж толық қайталайды.

Экипаж аталған хабарларды қайталамаған жағдайда, диспетчер оларды қайталауды талап етеді. Өз кезегінде экипаж хабарларды толық түсінбеген жағдайда, оларды қайталауды сұрайды.

Басқа рұқсаттар мен нұсқаулар, олардың түсінікті және атқарылып жатқанына күмән болмас үшін қайталанып, расталады.

Хабар қабылданғаннан кейін, ӘК экипажы өзінің шақыру белгісін атайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 25-кестеде келтірілген.

76. Егер ұшқыш рұқсатты немесе нұсқауды дұрыс қайталамаса, диспетчер "negative" немесе "қате" сөзін айтып, олардың дұрыс нұсқасын хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 26-кестеде келтірілген.

77. Егер экипаж өзі орындай алмайтын рұқсат немесе нұсқау алса, "unable to comply" немесе "орындай алмаймын" деген сөз тіркестерін қолданып, бұл туралы диспетчерге баяндап, оның себебін түсіндіреді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 27-кестеде келтірілген.

11-параграф. Радиостанцияны тексеру және байланысты сынап көру

78. Радиостанцияны тексеру үшін қосу және авиациялық электр байланысы радиожелілеріндегі байланысты сынап көруді жүзеге асыру ӘҚҚ кезіндегі радиоалмасуға кедергі келтірмейтіндей орындалады.

79. Тексеріп көру сигналдарын жіберу қажет болған жағдайда (радиостанцияны теңеу үшін), олардың ұзақтығы 10 секундтан аспауы тиіс. Мұндай сигналдарды радиотелефон арқылы беру цифрлар қатарынан және сигнал беретін радиостанцияның шақыру белгісінен тұрады.

80. ӘК экипажының немесе инженерлік-авиациялық қызмет авиатехнигінің тиісті диспетчерлік пункт жиілігінде жасалатын сынап көру байланысы мынадай тәртіппен орындалады:

1) хабарлау:

шақырылатын диспетчерлік пункттің шақыру белгісі;

ӘК нөмірі (шақыру белгісі);

сөздер:

"radio check" - байланысты тексеру;

"maintenance check"- "байланысты техникалық тексеру" (жерде);

"preflight check"- "ұшу алдындағы тексеру" (ұшар алдында);

"signal check"- "байланысты тексеру" (ұшу кезінде, қажетінше);

2) жауап беру:

ӘҚҚ органының диспетчерлік пунктiнiң шақыру белгісі;

ӘК нөмірі (шақыру белгісі);

хабардың түсінікті екенін хабарлау;

"соңы" сөзі.

81. Хабар беру кезіндегі сөздер мағынасының түсінікті болу дәрежесіне қарай байланыс сапасын тексеру осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 28-кестеде келтірілген шкала бойынша анықталады. Байланыс сапасын тексеру кезіндегі сөз тіркестерінің үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 29-кестеде келтірілген.

12-параграф. ӘК ұшу биіктігіне қатысты нұсқаулар

82. ӘК ұшуының барометрлік биіктігін есептеу "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 509 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 15852 болып тіркелген) бекітілген Нұсқаулыққа және Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Биіктік туралы хабарларды ағылшын тілінде беру кезінде мынадай талаптар орындалады:

1) ұшу эшелондарына қатысты хабарларда (Flight levels) "to" сөзі қолданылмайды;

2) төмендеуге және биіктікті алуға қатысты барлық хабарламаларда (Altitude) ӘК экипажы бұл ақпаратты бұрын алған жағдайды қоспағанда, QNH мәнін көрсете отырып, "Altitude" сөзі міндетті түрде көрсетіледі;

3) "re-cleared" сөз тіркесі биіктік алуға және төмендеуге қатысты қолданылмайды. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 30-кестеде келтірілген.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Егер әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары бойынша ӘК экипажы аралық биіктік алғандығын растауы қажет болса, диспетчер аралық баяндауды және биіктік алу (төмендеу) талаптарын белгілеп, биіктік алу туралы нұсқаулар берген кезде ӘК экипажына хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 31-кестеде келтірілген.

85. ӘК экипажына биіктікті өзгерту және қажет болса биіктік алуды жылдамдату туралы нұсқау берілгеннен кейін, биіктік алу (төмендеу) жылдамдығын арттыру туралы нұсқау беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 32-кестеде келтірілген.

86. Экипаж дереу төмендеуді немесе биіктік алуды талап ететін іс-қимылдарды орындауы үшін, радиоалмасуда "immediately" немесе "дереу" деген сөздер қолданылады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 33-кестеде келтірілген.

87. ӘК экипажы ӘҚҚ диспетчерлері нұсқауының (рұқсаттарының) ала сала орындалуын қамтамасыз етеді.

88. ӘҚҚ диспетчері биіктікті төмендету немесе биіктік алуды ұшқыштың қарауына қалдырған жағдайда, "when ready" немесе "есеп бойынша төмендеу" сөз тіркестері қолданылады. Бұл жағдайда ұшқыш "leaving" немесе "төмендеп бастадым" деген сөзді қолданып, өз эшелонының босағаны туралы баяндайды. Ұшқыш ӘҚҚ органына эшелонның босағаны туралы борттағы биіктік өлшеуіш ӘК осы эшелонды нақты босатқанын және аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланған тәртіптемелерге сәйкес төмендеу мен биіктік алудың тік жылдамдығын ұстап келе жатқанын көрсеткен жағдайда ғана хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 34-кестеде келтірілген.

89. Ұшудың жалпы бағытының өзгеруіне байланысты маршруттың бұрылу пунктінде эшелонды ауыстыру үшін ӘК экипажы диспетчерге осы пункттен ұшып өтудің есептік уақытын хабарлайды және бұрылу пунктіне дейін 10 теңіз милі қалғанда эшелонды ауыстыру қажеттілігі туралы баяндайды.

Ескерту. 89-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90. Ұшу кезінде метеожағдайлар өзгеріп, ұшуды орындау қағидаларын өзгерту қажеттігі туындаса, ӘК экипажы диспетчерден рұқсат сұрайды.

91. Ұшу биіктігін өзгерту шектеулері мынадай түрде берілуі мүмкін:

1) әуедегі жағдай туралы ақпарат (қолданылатын үлгі: "эшелон 130-бен жүріңіз, қарсы келе жатқаны 140 эшелонда");

2) әуе кеңістігін пайдалану бойынша тыйым салулар мен шектеулердің бары туралы мәліметтер (қолданылатын үлгі: "Ақши - Ұзынағаш учаскесінде 150-210 эшелондары жабық");

3) қауіпті метеожағдайлар немесе орнитологиялық жағдай туралы ақпарат (қолданылатын үлгі: "алдынан/сол жағынан/оң жағынан 25 миль қашықтықта жарық, борттар бұлттардың үстінен 330 қашықтықта өтті" немесе "1500 футқа дейінгі биіктікте ауыспалы жел").

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-параграф. ӘК экипаждарының ұшып келе жатқан жерлері туралы деректерді хабарлауы

92. Ұшып келе жатқан жерлері туралы хабарларды ӘК экипаждары белгіленген МЖП немесе диспетчер тағайындаған бақылау пункттерін (межелерді) ұшып өту кезінде хабарлайды.

93. Ұшып келе жатқан жер туралы хабарларда мынадай ақпарат элементтері болады :

- 1) ӘК шақыру белгісі;
- 2) ұшып келе жатқан жері;
- 3) МЖП-ны, бақылау бағдарын (пунктін) ұшып өту уақыты;
- 4) ұшу эшелоны (биіктігі);

5) келесі пункт (кезекті) міндетті жеткізулер пункті (бақылау пункті, межесі) және ұшып өтудің есептік уақыты. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 35-кестеде келтірілген.

94. Диспетчер қолданыстағы жер үсті радиолокациялық станциясынан (бұдан әрі – РЛС) ұшуды орындау туралы (ӘК қозғалысы) жеткілікті ақпарат алса, ӘК экипаждары диспетчердің нұсқауы бойынша өзінің ұшып келе жатқан жері туралы хабарды міндетті түрде беру қажеттілігінен босатылады.

ӘК экипажы ұшып келе жатқан жері туралы хабарды жаңартуы үшін, диспетчер бұл туралы тиісті нұсқау береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 36-кестеде келтірілген.

95. Экипаж өзінің орналасқан жерін сұрау кезінде немесе ӘК трассадан (ұшу маршрутынан) ауытқыған кезде экипажға азимут және қашықтығы немесе трассаға (ұшу маршрутына) қатысты орналасқан жері туралы ақпарат, кезекті немесе соңғы МХП дейінгі қашықтығы және жүру бағыты, әуе трассасына шығу үшін бұрыштық бұрылыс мәні (ортодромия бойынша ұшу кезінде), ұшу маршруты (олардың осьтік сызығы) беріледі.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 37-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. ӘК трассаға (ұшу бағытына) шыққаннан кейін диспетчер экипажға осы туралы, қажет болған жағдайда – ұшып келе жатқан жері туралы ақпаратты хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 38-кестеде келтірілген.

3-тарау. ӘҚҚ диспетчерлік пункттерінің ӘК экипаждарымен үлгідегі радиоалмасу фразеологиясы

1-параграф. Ұшып шығуға берілетін ақпарат және қозғалтқыштарды іске қосу тәртіптемелері

97. Ақпарат автоматты түрде жіберілмейтін әуеайлақтарда ұшқыш ATIS немесе MB арнасы әуеайлақтары ауданында қозғалтқыштарды іске қосуға рұқсат сұрар алдында әуеайлақтағы ағымдағы ақпаратты сұрайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 39-кестеде келтірілген.

98. Қозғалтқыштарды іске қосуды сұрау диспетчерлік қызмет көрсетуді жоспарлауды қамтамасыз ету және ұшуға рульдеуге рұқсатты күтіп отырған ӘК отынды босқа жұмсауын болдырмау мақсатында жүзеге асырылады.

99. Бастапқы байланыс орнатылған кезде экипаж ATIS немесе MB арнасының (ол әуежайда болған кезде) ақпаратын қабылдау туралы баяндайды. Егер бастапқы байланыс орнатылған кезде экипаждан ATIS немесе MB арнасының ақпаратын қабылдау туралы баяндама түспесе, диспетчер экипаждан оны тыңдауды талап етеді.

Егер ӘК экипажы ескірген ATIS радиохабар тарату құралын қабылдау туралы баяндайтын болса, ӘҚҚ органының диспетчері жаңа ақпаратты тыңдауға команда береді.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 88-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. ATIS немесе MB арнасынан келетін кезекті ақпаратқа кірмей қалған шұғыл немесе метеорологиялық ақпарат өзгерген жағдайда, диспетчер бұл өзгерістерді экипажға хабарлайды.

101. Ұшқыш іске қосуға рұқсат сұраумен қатар, ӘК келе жатқан жерін хабарлайды.

102. Қозғалтқыштарды іске қосу диспетчердің рұқсатымен ғана жүргізіледі.

103. ӘК ұшып шығуды кідіртсе, диспетчер іске қосу уақытын немесе жоспарланып отырған ұшып шығу уақытын көрсетеді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 40-кестеде келтірілген.

104. Тікұшақ экипажы қозғалтқыштарды іске қосуға және бақылау қалықтауына рұқсат сұраған кезде "Рульдеу" диспетчерінен "Мұнара (Старт)" диспетчеріне ӘҚҚ-ны тапсыру бақылау қалықтауынан кейін мынадай ұшу кездерінде жүзеге асырылады:

ұшақ бойынша – ӘҚҚ-ны тапсырудың белгіленген межелерінде;

тікұшақ бойынша – экипаж бақылау қалықтауын орындағаны туралы баяндағаннан кейін. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 41-кестеде келтірілген.

2-параграф. Тіркеп сүйреуге рұқсат сұрау

105. ӘК іске қосу орнына тіркеп сүйреу қажет болған жағдайда, экипаж диспетчерден тіркеп сүйреуге рұқсат сұрайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 42-кестеде келтірілген.

106. Тіркеп сүйреуге рұқсат беру кезінде іске қосу талаптарын да қоса беруге болады:

- 1) дайындығына қарай;
- 2) сұрауы бойынша;
- 3) белгіленген уақытта. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 43-кестеде келтірілген.

107. ӘК "құйрығымен" алдыға қарай тіркеп сүйреу кезінде радиоалмасудың осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 44-кестеге сәйкес фразеологиясы қолданылады.

108. Ұшқыш пен жердегі команда тіркеп сүйреуді үйлестіру үшін осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 45-кестеде келтірілген үлгіге сәйкес ағылшын тіліндегі фразеологияны қолданады.

109. Тиеп сүйреу аяқталғаннан кейін жердегі команда ұшқышқа осы ӘК рульдеуді орындауға болатынын көрсететін, көзбен көрінетін сигнал береді.

Егер ұшқыш тиеп сүйреуді белгілі бір кезеңінен тоқтатқысы келсе, "stop pushback" немесе "тіркеп сүйреуді тоқтатыңыздар" деген сөз тіркесін қолдануы тиіс.

3-параграф. Ұшуды орындау үшін ӘК экипажына берілетін рульдеу тәртібі туралы нұсқаулар

110. Диспетчердің рульдеуге қатысты нұсқауларында ӘК әрі қарай ұшуына қосымша рұқсатты күтетін міндетті түрде тоқтайтын жері болып табылатын рұқсаттың қолданылу шекарасы туралы мәліметтер болады.

111. Ұшып шығатын ӘК үшін рұқсаттың қолданылу шекарасы алдын ала старт немесе алдын ала стартта анықталмаған болса, ӘК міндетті түрде тоқтайтын жері болып табылады. Ұшқыштың сұрауы бойынша диспетчер рульдеу жөнінде толық нұсқаулар береді. Кері бағытта рульдеу рұқсаты ұшар алдында қолданылады, бұл жағдайда атқару стартына тұру үшін жұмыс ҰҚЖ-ға қарсы бағыттағы ҰҚЖ-ға рульдеу қажет болады, бұл жерде үнемі жұмыс ҰҚЖ-ның нөмірі көрсетіледі. Экипаждың (request progressive taxi) диспетчерден рульдеу жолдарының әрбір қиылысы қасынан рульдеу бағыты туралы нұсқау беруін сұрауды экипаж таңбалау мен көрсету белгілері болмаған немесе істен шыққан жағдайда рульдеу бағытын анықтай алмаған кезде жүргізіледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 46-кестеде келтірілген.

112. Рульдеу кезінде диспетчер ӘК экипажына соқтығысу қаупін тудыратын ӘК қозғалысы туралы ақпарат береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 47-кестеде келтірілген.

113. ӘК алдын ала стартқа тұру орнына немесе міндетті түрде тоқтау орнына жеткен кезде, оның экипажы бұл туралы диспетчерге баяндайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 48-кестеде келтірілген.

4-параграф. Әуе кемесінің экипажына қонғаннан кейін рульдеу тәртібі туралы берілетін нұсқау

114. Диспетчердің рульдеу тәртібі туралы нұсқауында мынадай мәліметтер болады:

- 1) тұрақ орны туралы;
- 2) рульдеу талаптары туралы (кедергілер мен шектеулер болған жағдайда);
- 3) бағыт туралы.

115. ӘК экипажына нұсқау, ол ӘК рульдеу жолында орналасқан жерін баяндағаннан кейін беріледі. Кері бағытта рульдеу рұқсаты қонғаннан кейін, ӘК әлі ҰҚЖ-да тұрған кезде және жұмыс ҰҚЖ-ға қарсы бағыттағы ҰҚЖ-ға рульдеу қажет болған жағдайда қолданылады, бұл жағдайда үнемі жұмыс ҰҚЖ-ның нөмірі көрсетіледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 49-кестеде келтірілген.

5-параграф. Атқару стартына тұруға рұқсат сұрау

116. Атқару стартына тұру "Мұнара (Старт)" диспетчерінің рұқсатымен ғана жүргізіледі.

Атқару стартына тұруға берілетін рұқсат:

1) әуежайда ауа-райын хабарлайтын АТІS немесе МВ арнасы болған кезде – АТІS немесе МВ арнасындағы хабарламаға кірмеген шұғыл және метеорологиялық ақпараттағы өзгерісті;

2) әуежайда АТІS немесе МВ арнасы болмаған кезде – ұшып шығу және әуеайлақ ауданынан шығу талаптарын (қажет болған жағдайда – метеожағдай, ҰҚЖ бетінің жай-күйінің коды, құстардың жиналуы және ұшып келуі туралы ақпарат) қамтиды. Үлгісі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 50-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. ӘК қосалқы ҰҚЖ-дан ұшып шығуы туралы шешім қабылдаған кезде немесе біруақытта бірнеше ЖҰҚЖ қолданылған жағдайда, диспетчердің рұқсатында ЖҰҚЖ-ның таңбаланған нөмірі немесе негізгі ҰҚЖ-ға және оның белгісіне қатысты ТҰҚЖ-ның орналасуы көрсетілуі тиіс. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 51-кестеде келтірілген.

118. ӘК алдын ала стартта тұрған кезде және экипажға қозғалтқыштарды қыздыруды аяқтау үшін немесе сынап көру үшін қосымша уақыт қажет болған жағдайда, ұшқыш бұл туралы диспетчерге хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 52-кестеде келтірілген.

119. ӘК экипажына атқару стартына тұруға рұқсат берумен қатар қауіпсіз аралықтар жасау мақсатында әуеайлақ ауданынан шығу талаптарына қатысты нұсқаулар беруге болады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 53-кестеде келтірілген.

120. ҰҚЖ-да ұзына бойы аралық жасау үшін, ӘК экипажына бұйрықпен ұшуға дайындалуға атқару стартына тұру туралы нұсқау беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 54-кестеде келтірілген.

6-параграф. ӘК экипажының ұшып көтерілуге рұқсат сұрауы

121. ӘК экипажы ұшуға дайындалып, алдын ала стартқа тоқтау кезінде отынды босқа шығындамас үшін "Мұнара" ("Старт") диспетчерінен атқару стартына тоқтамай көтерілуге рұқсат сұрай алады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 55-кестеде келтірілген.

122. Уақытты үнемдеу мақсатында атқару стартына тоқтамай көтерілуге берілетін "cleared for immediate take-off" бұйрықты әуе кемесі алдын ала стартта тұрған кезде беруге болады. Бұл жағдайда әуе кемесі кідірусіз жолаққа рульдеп, ешқайда тоқтамай көтеріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 56-кестеде келтірілген.

123. Атқару стартына тоқтамай көтерілуге рұқсат беру мүмкін болмаған жағдайда, ӘК экипажына атқару стартына тұру және қосымша бұйрық болғанға дейін ұшып көтерілуге болмайтыны туралы нұсқау беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 57-кестеде келтірілген.

124. Тікұшақ бойынша ұшуды орындау кезінде ӘК экипажы "Мұнара" ("Старт") диспетчеріне ұшуға дайын екендігі және орналасқан жері туралы ақпарат беріп, ұшуға рұқсат сұрайды.

125. ӘК атқару стартына тұрған кезде оның экипажы "Мұнара" ("Старт") диспетчеріне ұшуға дайын екендігі туралы баяндайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 58-кестеде келтірілген.

Ұшуға немесе атқару стартына тоқтамай ұшуға рұқсат бергеннен кейін 1 минуттан астам уақыт өтсе, ӘК экипажы ұшуға қайта рұқсат сұрайды.

126. ӘК экипажына ұшуды орындауға берілетін рұқсат, 200 метр (650 фут) биіктікте (қауіпсіз немесе белгіленген) "Шеңбер" диспетчерімен байланысқа ауысуға берілген рұқсат болып табылады. Осы биіктікке көтерілгенге дейін әуе кемесінің экипажы "Мұнара" ("Старт") диспетчерінің радиостанциясын тыңдайды.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Көру мүмкіндігі нашар болған жағдайда, диспетчер ұшу бағытын қосымша көрсетіп, экипаждан ұшудың орындалуын баяндауды сұрай алады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 59-кестеде келтірілген.

128. Егер әуеайлақта бірнеше ҰҚЖ қолданылса, онда ұшуға берілетін рұқсатта ҰҚЖ нөмірі көрсетілуі тиіс. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 60-кестеде келтірілген.

129. Ұшуға рұқсат берумен қатар диспетчер ұшуға және әуеайлақ ауданынан шығу талаптарына қатысты қосымша нұсқаулар да бере алады. Мұндай нұсқаулар эшелондауды қамтамасыз ету мақсатында беріледі.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 61-кестеде келтірілген.

130. Әуедегі жағдайдың күрт өзгеруі салдарынан немесе ӘК ұшып шығуының күтпеген жерден кідіруіне байланысты, диспетчер ұшып көтерілуді жылдамдатуға немесе басқа ӘК қондыру үшін ҰҚЖ-ны босатуға нұсқау беруі мүмкін. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 62-кестеде келтірілген.

131. Ауа райының қауіпті құбылыстары мен жағдайлары туындаған кезде ЭДО (ЭАДП) диспетчері бұл туралы ӘК экипажын хабардар етеді.

Экипаж өз шешімдерін қабылдайды және ол туралы диспетчерге хабарлайды. Үлгісі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 63-кестеде келтірілген.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-параграф. Ұшуға тыйым салу

132. Түрлі себептерге байланысты ұшуды орындау мүмкін болмаған жағдайда, ӘК экипажына ұшуға тыйым салу және ҰҚЖ-ны босату тәртібі туралы нұсқау беріледі.

133. Ұшуға тыйым салу бұйрығында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

ұшуға тыйым салу туралы екі рет қайталанған талап;

ӘК экипажының әрекеттері туралы нұсқау;

себеп туралы ақпарат (уақыт аз болған жағдайда, себеп туралы ақпарат және қосымша нұсқаулар берілмеуі мүмкін).

134. Қолданылатын фразеология төмендегі жағдайларда көзделген:

1) ӘК қозғалысты бастамаған болса. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 64-кестеде келтірілген;

2) ӘК қозғалысты бастаған болса. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 65-кестеде келтірілген.

135. Экипаж ұшуды өзі тоқтатқан жағдайда, ұшуды тоқтату себебін көрсетіп, мүмкіндігінше бұл туралы диспетчерге хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 66-кестеде келтірілген.

8-параграф. ҰҚЖ-ны қиып өтуге және қонғаннан кейін оны босатуға рұқсат сұрау

136. ҰҚЖ-ны қиып өту "Мұнара" ("Старт") диспетчерінің рұқсатымен ғана жүргізіледі.

ӘК экипажы ҰҚЖ-ны босата сала бұл туралы дереу "Мұнара" ("Старт") диспетчеріне баяндайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 67-кестеде келтірілген.

137. Қонғаннан кейін диспетчер ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінен басқа жағдайларда, ӘК екпін алуды аяқтағанға дейін экипажға рульдеуге қатысты нұсқаулар бермейді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 68-кестеде келтірілген.

138. Көру мүмкіндігі нашар болған жағдайда, диспетчер ӘК ҰҚЖ-ны босатқанын көзбен көре алмаған немесе ұшу алаңын шолу локаторымен бақылай алмаған жағдайда, ӘК экипажынан ҰҚЖ-ны босатқаны туралы баяндауды талап етеді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 69-кестеде келтірілген.

9-параграф. Маңызды әуеайлақ ақпараты

139. Әуеайлақ ақпаратын, мүмкіндігінше, қозғалтқыштарды іске қосқанға дейін немесе қонуға бет алудың соңғы кезеңі басталғанға дейін хабарлау қажет. Оған осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 70-кестеге сәйкес мәліметтер кіреді.

10-параграф. Ұшып шыққаннан кейін

140. Ұшып көтерілу және 200 метр (650 фут) (берілген) биіктікті алғаннан кейін, ал төменгі пайдаланылатын эшелоннан төмен маршрут бойынша ұшу кезінде қауіпсіз авиациялық жұмыстар ауданында әуе кемесінің экипажы диспетчерге ұшу және әуеайлақ ауданынан шығу үшін маневр туралы баяндайды және одан биіктікті алу шарттарын алады.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшасындағы 71-кестеде келтірілген.

Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

141. ӘК ӘҚҚ-ны тапсыру межесіне жеткені туралы хабарланғаннан кейін, экипажға өзінің шақыру белгісі мен жұмыс жиілігін хабарлап, шектес диспетчерлік пунктпен байланысқа ауысуы туралы нұсқау беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 72-кестеде келтірілген.

142. Келісілген сатысыз биіктік алуды немесе төмендеуді қамтамасыз ету үшін екінші реттік радиолокациялық бақылау болған жағдайда, диспетчер ӘК тік жылдамдығына қарай, ӘҚҚ-ны тапсыру (биіктігін) эшелонын қиып өткенге дейін шектес диспетчерлік пункттің жиілігіне ауысу туралы бұйрық береді.

11-параграф. Қонуға бет алу кезінде

143. "Шеңбер" диспетчерімен байланыс орнағаннан кейін экипаж тапсыру межесінен ұшып өткенін және ӘК командирінің қонуға бет алу жүйесін таңдау (егер ол АТІS арқылы берілетін ұшуға бет алу жүйесінен ерекше болса) жөнінде қабылдаған шешімін хабарлайды.

144. Диспетчер экипажға мынаны хабарлайды:

- 1) ӘК орны (берілген маршруттан ауытқыған кезде);
- 2) төмендетуге дейін рұқсат етілетін биіктік.

Егер экипаж қонуға кірудің таңдалған жүйесі туралы баяндамаса, диспетчер осы әуеайлақта әуе кемесінің осы түрі үшін мүмкін болатын ең жоғары жүйе бойынша және ұшуды орындаудың пайдаланылатын қағидаларына байланысты қонуға рұқсат береді.

Үлгі осы Қағидалардың 2-қосымшасының 73-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145. АТІS немесе МВ арнасының кезектен тыс жазбасына кірмеген шұғыл және метеорологиялық ақпарат өзгерген жағдайда, диспетчер бұл ақпаратты экипажға хабарлайды.

146. Метеожағдайлар, ҰҚЖ жай-күйі, тіркелу коэффициенті (тежеу тиімділігі, ҰҚЖ бетінің жай-күйінің коды) туралы деректер экипажға АТІS немесе МВ әуежайына арнасының ақпараттар өзгерістері болмаған кезде және экипаждың сұрау салуы бойынша барлық жағдайларда беріледі.

Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

147. Экипаждың сұрау салуы бойынша QFE қысымы беріледі (ҰҚЖ кірген кездегі атмосфералық қысымның мәні).

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 74-кестеде келтірілген.

148. Диспетчер экипажға мынадай ақпарат береді:

- 1) әуедегі жағдай туралы (қажетіне қарай);
- 2) жердегі жел бағыты мен жылдамдығы туралы;
- 3) ҰҚЖ-да 2000 метр және одан кем көріну туралы;

4) қауіпті метеожағдайлар және оларды айналып өту тәртібі, жерге жақын қабаттағы желдің ұйытқуы (болған жағдайда) туралы;

5) бұлттардың төменгі шегінің биіктігі туралы, егер ол 200 метр (650 фут) және одан кем болса;

6) ҰҚЖ-ның жай-күйі және егер олар берілген болса тіркелу коэффициенті (тежеу тиімділігі, ҰҚЖ бетінің жай-күйінің коды) туралы;

7) қону ҰҚЖ-сы туралы (оң жақ/сол жақ). Қону топырақты ҰҚЖ-да жүргізілсе, оның негізгі ҰҚЖ-ға қатысты орналасуы және белгісі туралы;

8) құстардың ұшып келуі туралы мәліметтер.

Диспетчер бұлттылық биіктігі, көріну, жел бағыты мен жылдамдығы, ҰҚЖ-ның жай-күйі және егер олар берілген болса тіркелу коэффициенті (тежеу тиімділігі, ҰҚЖ бетінің жай-күйінің коды), сондай-ақ топырақты ҰҚЖ-ның орналасуы мен олардың таңбалануы және құстардың ұшып келуі туралы мәліметтерді әуежайда мыналар болмаған жағдайда хабарлайды:

ауа-райын МВ арнасы арқылы автоматты түрде беру;

АТIS ақпараты;

экипаждың сұрау салуы бойынша барлық жағдайларда.

Ескерту. 148-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

149. Қауіпсіз аралық жасау үшін, диспетчер экипажға бағытты, жылдамдықты өзгерту немесе қосымша маневрлар жасау туралы нұсқау береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 75-кестеде келтірілген.

150. Экипаж таңдаған жүйемен қонуға бет алу мүмкін болмаған жағдайда, диспетчер бұл туралы экипажға хабарлап, тиісті ұсынымдар береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 76-кестеде келтірілген.

151. Әуеайлақта қонуға бет алуды радиолокациялық бақылау құралдары болмаған немесе істен шыққан жағдайда, диспетчер экипаждан ӘК қонуға бет алу жүйесінің бақылау нүктелерінен ұшып өткені туралы баяндау алады.

152. Параллель ҰҚЖ-ларға тәуелсіз және тәуелді қонуға бет алу кезінде маневрлеу жасаған жағдайда, диспетчер осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 77-кестеге сәйкес фразеология үлгісін қолданады.

Қонуға рұқсат беру кезінде қолданылатын фразеология үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 78-кестеде келтірілген.

153. "Мұнара" диспетчерімен байланысқа ауысу туралы нұсқау тапсыру межесіне жеткен кезде, оның жұмыс істеу жиілігімен бірге беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 79-кестеде келтірілген.

12-параграф. Қонуға бет алудың соңғы кезеңі және қону

154. ӘК құрылымына, әуе қозғалысының қарқындылығына қарай қонуға бет алудың соңғы кезеңінде ӘҚҚ-ны "Мұнара", "Шеңбер" немесе "Жақындау" диспетчерлік пункттері жүзеге асырады.

155. Бірнеше ҰҚЖ қолданылған жағдайда қонуға, жаттығу ұшулары кезінде ("конвейрден ұшу") ҰҚЖ-ға тоқтамай ұшуға, төмен биіктікте өту арқылы қонуға бет алуға берілетін рұқсатқа жұмыс ҰҚЖ-ның нөмірі кіруі тиіс.

13-параграф. Аспаптар бойынша қонуға бет алу

156. ҰОЕ бойынша ӘҚҚ бақылау жүйесін пайдалану арқылы қонуға бет алу кезінде диспетчер ӘК экипажына ҰҚЖ басынан кетуін хабарлайды және қонуға бет алуды жалғастыруға бұйрық береді немесе тиісті жағдайларда қонуға рұқсат береді. Қонуға бет алу барысында диспетчер қону бағытының желісіне қатысты ӘК жағдайын бақылайды және ауытқулар болған кезде ӘК экипажын ақпараттандырады. Тиісті жағдайлар кезінде қонуға рұқсат береді. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 80-кестеде келтірілген.

Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

157. ҰОЕ бойынша ӘҚҚ бақылау жүйесін пайдаланбастан қонуға бет алу кезінде диспетчер ӘК экипажына қонуға бет алуды жалғастыруға бұйрық береді немесе тиісті жағдайлар кезінде қонуға рұқсат береді. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 81-кестеде келтірілген.

Ескерту. 157-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

158. Орын алған жағдайға байланысты қонуға рұқсат беру мүмкін болмаған жағдайда диспетчер бұл туралы экипажды ақпараттандырып, "қону қосымша" ("continue approach") хабарлайды. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 82-кестеде келтірілген.

Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

159. Диспетчердің қонуға бет алуды жалғастыру туралы нұсқауы ("continue approach") қонуға берілген рұқсат болып табылмайды. Экипаж қонуға рұқсатты күтеді немесе рұқсат уақтылы берілмесе, екінші айналымға кете бастайды.

160. Ауа райының қауіпті құбылыстары мен жағдайлары туындаған кезде ТДП диспетчері бұл туралы ӘК экипажын хабардар етеді. Қонуды жүргізу туралы түпкілікті шешімді ӘК командирі қабылдайды. Егер ӘК командирі қону туралы шешім қабылдаса, ТДП диспетчері оған қонуға рұқсат береді, бұл:

- 1) төмендеу жолындағы әуе кеңістігі мен ұшу жолағы бос екендігін;
- 2) қону алдындағы түзуде әуе кемесі арасындағы белгіленген аралықты бұзатын еш қауіп жоқ екендігін;
- 3) алда ұшып шыққан ӘК пайдаланылатын ҰҚЖ-ның соңын кесіп өткенін немесе кері бұруды (кері бұруды) орындауға кіріскенін;
- 4) ҰҚЖ бетінің жай-күйінің коды ӘК экипажына белгілі екенін білдіреді.

Ескерту. 160-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

161. Қонуға берілетін диспетчерлік рұқсат ӘК командирін қонуға мәжбүрлеу емес, қонуды жүргізу туралы түпкілікті шешімді әуе кемесінің командирі қабылдайды. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 83-кестеде келтірілген.

Ескерту. 161-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

162. ӘК командирі екінші айналымға кету туралы шешім қабылдаған жағдайда немесе диспетчер ӘК екінші айналымға жіберген жағдайда, соңғысы экипажды "Шеңбер" диспетчерінің ӘҚҚ-на ауыстырады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 84-кестеде келтірілген.

163. Екінші айналымға кеткен жағдайда, аспаптар бойынша қонуға бет алған ӘК диспетчерден басқа нұсқау түспеген болса, аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланған тәртіптемелерге сәйкес әрекет етуі тиіс.

164. Экипаждың қарқындылығы жоғары шамдардың жарығын көтеру немесе азайту туралы талабы бойынша диспетчер олардың жарығын өзгертеді, бұл ҰҚЖ-дағы көру мүмкіндігінің нақты мәндеріне сәйкес және белгіленген минимумнан төмен болмауы тиіс. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 85-кестеде келтірілген.

14-параграф. Қонуға көзбен шолып бет алу

165. Қонуға көзбен шолып кіру кезінде экипаж жердегі бағдарлармен қажетті көзбен шолып байланыс орнатылғаны туралы хабарлайды. Диспетчер көзбен шолып кіруді орындауға рұқсат береді, ҰҚЖ нөмірін көрсетеді.

ЭДО (ЭАДП) диспетчері бірінен соң бірі ұшып келе жатқан және қонуға көзбен шолып кіруді орындайтын ӘК-мен көзбен шолып байланыс орнату туралы артта ұшып келе жатқан ӘК экипажы баяндағанға дейін, одан кейін қонуға кіруді жалғастыруға және алда тұрған ӘК-ге қатысты эшелондауды дербес ұстап тұруға нұсқау берілген ӘК арасындағы АҰҚ бойынша ұшу үшін белгіленген эшелондау аралықтарын қамтамасыз етеді

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 86-кестеде келтірілген.

Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

166. "Мұнара" диспетчерімен байланысқа ауысу туралы нұсқау, жиілікті көрсетіп, ӘК тапсыру межесіне жеткен кезде беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 86-кестеде келтірілген.

15-параграф. Ұшып шыққан кезде жақындау аймағындағы радиоалмасу

167. ӘК экипажы байланысқа шыққан кезде "Жақындау" диспетчері ӘК-ні таниды және бұл туралы ӘК экипажын (РЛК болған кезде) хабардар етеді, әуе кемесінің экипажына әуеайлақ ауданынан шығу бағытын және эшелонын (биіктігін) береді (SID пайдалану кезінде-берілмейді). ӘК экипажы тұрақты көтерілу режимінде (ССО) маршрутты пайдалануға дайын болған жағдайда, диспетчер әуе жағдайын және әуеайлақ ауданындағы метеожағдайларды ескере отырып, ӘҚК бақылау жүйелері бар болған жағдайда тиісті рұқсат береді.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 87-кестесінде келтірілген.

Қажет болған жағдайда диспетчер ӘК экипажынан ӘҚК тарату межесінен ұшып өтудің есептік уақытын алады, әуе жағдайы туралы ӘК экипажына хабарлайды, жедел және/немесе метеоақпаратты береді.

Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

168. Эшелонды сатысыз алуға рұқсат беру кезінде трассаға шығу шарттары және ондағы ұшу эшелоны аудандық диспетчерлік пунктпен (бұдан әрі – аудандық ДП) келісіледі.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 87-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16-параграф. Ұшып келген кезде жақындау аймағындағы радиоалмасу

169. ӘК экипажы байланысқа шыққан кезде "Жақындау" диспетчері одан тарату шептерінен ұшып өту, ұшу эшелоны (биіктігі) және ATIS немесе МВ арнасының ақпаратын қабылдау туралы баяндама алады. Диспетчер ӘК экипажына орналасқан жерін (берілген бағыттан ауытқыған кезде), төмендеуге рұқсат етілетін эшелонды (биіктікті), өту эшелонын, QNH теңіздің орташа деңгейіне келтірілген ҰҚЖ-ның жұмыс

шегі деңгейіндегі атмосфералық қысымды (ATIS болмаған кезде немесе егер ағымдағы ақпарат берілетін ATIS-дан өзгеше болса) және ӘҚҚ бағытын (егер ол белгіленген STAR-дан өзгеше болса) береді.

ӘК экипажы тұрақты төмендеу режимінде (CDO) маршрутты пайдалануға дайын болған жағдайда, диспетчер әуе жағдайын және әуеайлақ ауданындағы метеожағдайларды ескере отырып, ӘҚҚ бақылау жүйелері болған кезде тиісті рұқсат береді.

Тұрақты төмендеу режимінде радиолокациялық бағыттауды (векторлауды) қамтамасыз ету кезінде диспетчер ӘК экипажына болжанатын траекторияның учаскелер (сегменттер) ұзындығының сомасы ретінде қону нүктесіне дейінгі қалған есептік қашықтықты береді.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 88-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

170. Экипаж диспетчерге ATIS немесе MB арнасы арқылы ауа-райы ақпаратын алғаны туралы баяндайды. Егер экипаж ATIS немесе MB арнасы ақпаратын алғаны туралы баяндамаса, экипаждан оны тыңдауды талап етеді.

Кезектен ATIS ақпаратына немесе MB арнасы мәтініне енгізілмеген шұғыл және метеорологиялық ақпарат өзгерген жағдайда, диспетчер бұл туралы экипажды ақпараттандырады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 88-кестеде келтірілген.

17-параграф. ӘҚҚ ауданындағы радиоалмасу

171. ӘҚҚ ауданына кірген кезде экипаж диспетчерге тапсыру межесі мен эшелонына шыққан уақытын, кезекті міндетті жеткізу пунктіне шыққан уақытын баяндайды.

172. ӘК жауапкершілік аймағына кірген кезінде байланыс орнатқан кезде оған борттың танылғаны туралы хабарлап, диспетчерлік рұқсат береді. Диспетчерлік рұқсатты ұшқыш берілген түрінде растайды. Растауда үнемі ол жіберілген әуе кемесінің шақыру белгісі болуы тиіс.

173. Диспетчерлік рұқсатқа мыналарға кіреді:

- 1) ӘК шақыру белгісі;
- 2) "cleared" ("рұқсат етілді") сөз алды қосымша сөзі;
- 3) диспетчерлік рұқсаттың шекарасы (пункті, уақыты немесе шарты);
- 4) ұшу бағыты;
- 5) ұшу эшелоны;
- 6) қосымша нұсқаулар.

174. Егер қону әуеайлағы ӘҚҚ ауданында орналасқан болса, оған дейін және қосалқы әуеайлаққа (қажет болған жағдайда) дейін ұшудың есепті уақыты қосымша хабарланады.

175. Диспетчер әуе кемесі бос тұрған эшелонда трассамен жүруге растама береді немесе әуе жағдайына байланысты эшелонды өзгертуге нұсқау (рұқсат етілген маршрутқа параллель жол желісі бойынша ұшуға байланысты нұсқау) береді. Әуе кемесінің экипажы есеппен төмендеуді бастар алдында ӘҚҚ органынан CDO сұрата алады. ӘҚҚ органы диспетчерлік аудандағы әуедегі жағдайды және метеожағдайларды ескере отырып, ӘҚҚ бақылау жүйесі болған кезде тиісті рұқсат береді (CDO пайдалануға тыйым салады).

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 89-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 175-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

176. Егер диспетчерлік рұқсаттың шекарасы осы ӘҚҚ органының жауапкершілік аймағынан тыс жерде болса, онда мұндай рұқсат бағыт өтетін ӘҚҚ-ның тиісті органынан (тиісті органдарынан) алдын ала алынуы тиіс. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 90-кестеде келтірілген.

177. Осы Қағидалардың 176-тармағында келтірілген "cleared" "рұқсат етілді" деген сөз алды қосымша сөзі жоқ ӘК ұшуына рұқсат етілген бағыт пункті диспетчерлік рұқсаттың шекарасы болып табылады.

178. Межелі әуеайлақтағы минимумнан төмен метеожағдайлар кезінде диспетчер ӘК экипажына нақты ауа райын хабарлайды (жел бағыты мен жылдамдығын, көру мүмкіндігін, бұлттардың төменгі шегінің биіктігін), сондай-ақ қосалқы әуеайлақтардағы нақты және болжамды ауа-райын, олардың техникалық жарамдылығын және қабылдауға келісімді хабарлайды.

Ескерту. 178-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

179. Егер қосалқы әуеайлақ оған есептік межеден кету үшін таңдалған болса, онда экипаж метеожағдайларға қарамастан диспетчерге кету межесінен ұшып өтудің есептік уақытын және ӘК ұшып баратын қосалқы әуеайлақты хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 91-кестеде келтірілген.

180. ЖДП ауданында ұшып келе жатып, диспетчермен байланысқа шыққан кезде экипаж оған міндетті жеткізулер пункттерінен ұшып өткендігі туралы, биіктік өлшеуіште белгіленген қысымда ұшу биіктігін, оның сұрауы бойынша ауа-райы жағдайларын да хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 92-кестеде келтірілген.

181. Көзбен шолып ұшу қағидалары (бұдан әрі - КҰЕ) бойынша ұшуды жалғастыруға болмайтын жағдайлар туындаған кезде, экипаж диспетчерден көзбен шолып ұшудың арнайы қағидасы бойынша немесе АҰЕ бойынша ұшуға ауысу туралы рұқсат сұрайды.

182. АҰҚ бойынша ұшу кезінде ӘК тобының алшақтауы ӘҚҚ органының рұқсаты бойынша ғана орындалады. Жетекші ӘК-нің экипаж командирі ӘҚҚ органының нұсқаулары орындалған сәтке дейін топ алшақтаған кезде ӘК арасындағы эшелондауды ӘК-нің тиісті түрде танылуын және эшелондаудың белгіленген аралықтары қамтамасыз етілгенде қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда ӘК-нің әрбір экипажы оған берілген ҚШРЛ кодын белгілейді және өзінің тіркеу нөмірін (шақыру белгісін) пайдалана отырып, ӘҚҚ-ның органымен байланысқа шығады.

Ескерту. 182-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

183. АҰҚ бойынша ұшу кезінде ӘК тобының түйісуі ӘҚҚ органының рұқсаты бойынша ғана орындалады. ӘҚҚ органының рұқсаты және жетекші ӘК-нің ӘК тобына түйісу басталғаны туралы баяндағаннан кейін жетекші ӘК-нің экипаж командирі топтық ұшуды орындайтын ӘК арасындағы эшелондауды қамтамасыз етеді.

Жетекші ӘК ҚШРЛ-ның тағайындалған кодын сақтайды, ал топтағы қалған ӘК, егер ӘҚҚ органынан басқа нұсқаулар алынбаса, осы кодты "Stand by" режимінде сақтайды.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 89-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 183-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

184. ӘК бағытта күтуі талап етілсе, диспетчер ұшуды әрі қарай жалғастыруға рұқсатты күтуге болатын уақытты көрсетіп, кідіре тұру туралы нұсқау береді. Ол мүмкін болмаса, кідіру себебі көрсетіледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 93-кестеде келтірілген.

185. Егер кідіре тұру ұзаққа созылады деп күтілсе, ұшқыш кеңейтілген схема бойынша ұшуға рұқсат сұрауына немесе алуына болады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 94-кестеде келтірілген.

186. Авиациялық жұмыстар орнына келген кезде бақыланатын әуе кеңістігінде ӘК экипажы диспетчерге басталуы, биіктік және жұмыстардың аяқталуының болжамды уақытын немесе жоспардың өзгергенін баяндайды. Диспетчер экипажға байланысқа шығу уақытын (уақыт аралығын) белгілейді. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 95-кестеде келтірілген.

Ескерту. 186-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187. Жұмыс орнындағы алаңға қону көзделген жағдайда, ӘК экипажы диспетчерге қону, онда болудың болжамдық уақытын және өзінің әрі қарайғы әрекеттерін хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 96-кестеде келтірілген.

18-параграф. Ұшу бөлігін ӘҚҚ органы бақылайтын әуе кемелері

Ескерту. 3-тарау 18-параграфпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187-1. Егер ұшу жоспарында бастапқы кезеңде ұшу бақыланатын, ал келесі бөлігі бақыланбайтын болады деп көрсетілсе, әуе кемесінің экипажына бақыланатын ұшу аяқталатын бақыланатын әуе кеңістігінің шекарасына дейін ұшуға диспетчерлік рұқсат беріледі.

187-2. Егер ұшу жоспарында бастапқы кезеңде ұшу бақыланбайтын, ал келесі бөлігі бақыланатын болады деп көрсетілсе, әуе кемесінің экипажына жауапкершілік аймағында бақыланатын ұшу бақыланатын әуе кеңістігіне кірудің есептік уақытына дейін 5 минут бұрын басталатын ӘҚҚ органынан диспетчерлік рұқсат алу қажет. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 96-1-кестеде келтірілген.

4-тарау. ӘҚҚ бақылау жүйелерін пайдалану кезіндегі фразеология

Ескерту. 4-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. ӘК тану

188. ӘҚҚ әуе кемесін бақылау негізінде қамтамасыз етер алдында осы ӘК тану белгіленеді, ол туралы ӘК экипажы хабардар етіледі. Әуе жағдайының индикаторларында ӘК тану тану әдістерін кешенді пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

1) пеленгациялау (автоматты радиопеленгатор пеленгісі мен әуедегі жағдай индикаторындағы (бұдан әрі – ИКО)) белгі азимутын салыстыру);

2) байлау (экипаждың МЖП-дан (ӘК орны) ұшып өткендігі туралы баяндамасын ИКО-дағы танылатын белгі координаттарымен салыстыру);

3) маневр (экипаж белгілеген және экипаж орындайтын маневрдің дәл келуі);

4) ҚШРЛ құралдарын қолдану (экипаж беретін және сүйемелдеу формулярында көрсетілетін ақпараттың сәйкес келуін салыстыру).

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188-1. Нақты әуе кемелерін тануды ӘҚҚ органы "identified" ("танылған") тіркесінің көмегімен ӘҚҚ бақылау жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырады. Нақты әуе кемелерін ӘҚҚ органы танығаннан кейін әуе кемелерінің экипаждары кезекті КЖҚ ұшып өтуін және ӘҚҚ аймағының(ауданының) шығуын ӘҚҚ органының нұсқауы (сұрау салуы) бойынша ғана баяндайды. Егер ұшу эшелонын (биіктігін) өзгерту қажеттілігі туындаса, онда мұндай өзгеріс әуе кемесі экипажының сұрау салуы бойынша ӘҚҚ органының рұқсатымен немесе ӘҚҚ органының нұсқауы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 1-параграф 188-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. ӘК тану үшін қолданылатын әдіске қарай, диспетчер ӘК экипаждарына тиісті нұсқаулар береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 97-кестеде келтірілген.

190. Егер тану жоғалып кетсе немесе жақында жоғалатын болса, ұшқышқа бұл туралы хабарланып, тиісті нұсқаулар беріледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 98-кестеде келтірілген.

2-параграф. Радиолокациялық векторлау

191. ӘК айыру үшін (тану, кідірту үшін, ӘК белгіленген бағыттан ауытқыған жағдайда немесе ӘК экипажының сұрауы бойынша), диспетчер ұшу бағытын (радиолокациялық векторлауды) бере алады. Векторлау диспетчер ӘК танып, бұл туралы ӘК экипажына хабарлағаннан кейін орындалады. Векторлауды қолдану қажеттігін диспетчер нақты және болжамды әуе жағдайын талдау арқылы анықтайды. Бұл жағдайда ӘК экипажына бағыттың өзгеру себебі хабарланады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 99-кестеде келтірілген.

192. ӘК векторлау аяқталғаннан кейін диспетчер ӘК экипажына ӘК ұшып келе жатқан жерін хабарлап, ұшақты дербес жүргізуді қайта бастау туралы нұсқау береді. Дербес навигациялауды қайта бастауға берілген нұсқау, ӘК экипажының ұшақ жүргізуді өз бетінше қамтамасыз ететіндігін білдіреді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 100-кестеде келтірілген.

ӘК қонуға бет алу үшін оны векторлау кезінде ӘК экипажына алдын ала тура қонуға бұрылыс жасаған кезде дербес навигациялауды қайта бастауға нұсқау берілмейді.

193. Ұшып шығатын ӘК векторлауды жоспарлау кезінде диспетчер ұшар алдында ӘК экипажын болжамды векторлау туралы ақпараттандырады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 101-кестеде келтірілген.

194. Әуе кемесін қонуға бет алудың соңғы кезеңін қамтамасыз ету құралына шығару үшін векторлау кезінде мынадай іс-қимылдар орындалады:

1) диспетчер ӘК таниды, бұл туралы ӘК экипажын ақпараттандырады;

2) ӘК экипажына қонуға бет алу типін, сондай-ақ қону МЖБ (ҰҚЖ-ның таңбаланған нөмірін) хабарлайды;

3) ӘК экипажын векторлаудың басталуы және оның мақсаты туралы ақпараттандырады;

4) ӘК көлденең ұшу кезінде қону бағыты желісінде тұрақтандыру үшін ӘК глиссадаға (FAF, FAP) кіру нүктесіне дейін кем дегенде 4 километр (2 теңіз милі) бұрын қону алдындағы түзуге шығуы үшін 450-тан (тиімді мәні - 300) кем емес бұрышпен қонуға бет алудың соңғы кезеңінің жол сызығына шығу бағытын немесе бағыттар тобын береді. Ұшу бағыттарының мәндері үш мәнді цифрлармен көрсетіледі;

5) ӘК экипажын оның ұшып келе жатқан жері туралы қонуға бет алудың соңғы учаскесінде ұшар алдында кемінде бір рет ақпараттандырады;

б) қонуға бет алудың соңғы кезеңінің жол сызығына шығу бағытын тағайындаумен бір мезгілде қонуға бет алуды орындауға рұқсат беріледі және команда баяндауы тиіс:

PMЖ (ILS), курстық Маяк (LOC, LOC/DME) бойынша кіру кезінде курстық маякты "басып алу");

қонуға бет алудың соңғы кезеңінің жол сызығына шығу (RNAV бойынша кіру);

тікелей қонуға дейінгі шығу (NDB, VOR/DME кірісі).

Ескерту. 194-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

195. Қонуға бет алуды орындауға берілген рұқсат ӘК экипажы үшін жарияланған схемаға сәйкес дербес навигациялауды қайта бастауды білдіреді және диспетчердің көмегінсіз, қондыру жүйелерінің деректерін қолданып, қону бағытына бұрылуға ерік береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 102-кестеде келтірілген.

196. ӘҚҚ мақсатында ӘК бағыты туралы деректер қажет болуы мүмкін, себебі бүйірлеп эшелондауды көбінесе ӘК бортына бұрынғы бағытты сақтау туралы нұсқау беру арқылы белгілеуге болады. Бұл жағдайда бүйірлеп эшелондауды қарсы қозғалыс үшін белгілеуге болады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 103-кестеде келтірілген.

197. Диспетчер ӘК ағымдағы бағытын білмеген жағдайда, ӘК экипажына ұшуды белгілі бағытта орындау туралы нұсқау береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 104-кестеде келтірілген.

198. Векторлау статусындағы ӘК ӘҚҚ-ны шектес диспетчерлік пунктке тапсырған жағдайда, диспетчер экипажға тиісті диспетчерлік пунктпен байланысқа ауысу туралы және осы диспетчерлік пунктпен байланысқа шыққан кезде белгіленген бағытты баяндауы туралы нұсқау береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 105-кестеде келтірілген.

3-параграф. Әуе кемелерінің басқа ӘК соқтығысып қалуын ескертетін борттық жабдық

199. ӘК басқа әуе кемесіне соқтығысып қалуын ескертетін борттық жабдық (ағылшын тіліндегі аббревиатурасы CAS/TCAS) осы аудандағы басқа ӘК қабылдау-жауап беру құралдарына әсер етіп, орын алуы мүмкін соқтығысу жағдайының барын анықтайды. Traffic Advisory (TA) дабылнамасы ұшқышқа соқтығысуы мүмкін деген кемеңі анықтап, Resolution Advisory (RA) дабылнамасы кезінде айырылу маневрын жасауға мүмкіндік береді.

Ұшқыш жасалған маневрлар туралы TCAS арқылы баяндайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 106-кестеде келтірілген.

200. Егер TCAS-тың іске қосылуының нәтижесінде ұшқыш берілген рұқсатқа сәйкес ұша алмайтын болса, бұл туралы баяндайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 107-кестеде келтірілген.

4-параграф. ӘК өзара орналасқан жері туралы ақпарат және ӘК айыру

201. Қақтығыс жағдайының туындауына әкелетін траектория бойынша келе жатқан ӘК туралы ақпарат мынадай нысанда беріледі:

- 1) шартты сағаттық циферблат бойынша есептелетін қақтығыс жағдайын тудыратын ӘК салыстырмалы пеленгі;
- 2) қақтығыс жағдайын тудыратын ӘК-ге дейінгі километрмен (теңіз милімен) қашықтық;
- 3) қақтығыс жағдайын тудыратын ӘК орнын ауыстыру бағыты;
- 4) қақтығыс жағдайын туғызатын әк эшелоны мен түрі, ӘК салыстырмалы жылдамдығы (осы ақпарат болған кезде).

Ескерту. 201-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

202. Салыстырмалы орын ауыстыруын төмендегі тиісті терминдердің бірімен сипаттаған дұрыс:

"closing" (жақындап келе жатқан), "converging" (қиылысу траекторияларында), "parallel" (параллель), "same direction" (ілеспе), "opposite direction" (қарсы ұшып келе жатқан), "diverging" (ажырайтын траекторияларда), "overtaking" (басып озатын), "crossing left to right" (солдан оңға қарай кесіп өтетін), "crossing right to left" (оңнан солға

қарай кесіп өтетін). Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 108-кестеде келтірілген.

203. Диспетчер экипажды даулы жағдайдың енді жоқ екені туралы ақпараттандырады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 109-кестеде келтірілген.

204. ӘК соқтығысады деген қауіп болған жағдайда, диспетчер ұшқышқа айырылысу үшін тиісті маневр жасау туралы нұсқау береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 110-кестеде келтірілген.

204-1. ӘК экипажы D және E кластарының әуе кеңістігінде күндізгі уақытта 10 000 футтан төмен көзбен шолып көретін метеорологиялық жағдайларда дербес эшелондауды қамтамасыз ету және ұшуды орындау кезінде биіктікті алуға немесе төмендетуге рұқсат сұрауы мүмкін.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 110-1-кестесінде келтірілген.

Ескерту. Қағида 204-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Қайталама шолу радиолокаторы (ҚШРЛ)

205. Диспетчер мен экипаж арасындағы радиоалмасуда қайталама радиолокация құралдарын қолданған жағдайда борттық ҚШРЛ қабылдау-жауап беру құралдарының жұмыс режиміне қатысты осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 111-кестеде белгіленген стандартты сөз тіркестері қолданылады.

206. ӘК эшелонда болуын анықтаған кезде қолданылатын критерий 410 эшелоннан және одан төмен әуе кеңістігінде, ұшу эшелонынан 410 ± 90 метр (± 300 фут) жоғары әуе кеңістігінде ± 60 метр (± 200 фут) болады. Егер ұшу биіктігі туралы көрсетілетін ақпарат рұқсат етілген ауытқу шегінен тыс болса, диспетчер ӘК экипажына (пилотқа) қысымның дұрыс орнатылғанын тексеру және ӘК ұшу эшелонын (биіктігін) растау туралы нұсқау береді.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 112-кестесінде келтірілген.

207. ҚШРЛ қолдану кезіндегі диспетчерлік нұсқауларды ұшқыш қайталауы тиіс. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 113-кестеде келтірілген.

208. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

209. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-параграф. Радиобайланыстың істен шығуы

210. Егер диспетчер ӘК хабарларды қабылдай алады, бірақ жібере алмайды деп болжаса, ұшқыштың нұсқауларды алғанын растау үшін радиолокаторды қолдануға болады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 114-кестеде келтірілген.

7-параграф. Күту аймағында ұшу

211. Күту аймағында ұшу схемасы аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады, ұшқыш құралдарды көрсетіп, схеманың толық сипаттамасын (күту бойынша нұсқаулар) сұраған болса, осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 115-кестеге сәйкес үлгідегі фразеологияны қолдану қажет.

212. Күту аймағындағы тәртіптемелер қатаң бекітілген тәртіпте берілуі тиіс:

- 1) оған қатысты күту тәртіптемесі (fix) орындалатын нүкте (PNT);
- 2) биіктік/эшелон (level);
- 3) нүктеге бағыттау (inbound track);
- 4) бұрылу жақтары (right / left turns);
- 5) бұрылу арасында ұшулар уақыты (time of leg).

VOR/DME-ге байланысты күту туралы нұсқауларда, осы Қағидалардың 212-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген уақыттың орнына қашықтықты көрсетуге болады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 116-кестеде келтірілген.

213. ӘК экипажына күту аймағы схемасының кез келген нүктесінде диспетчердің күту аймағынан шығу командасы берілуі мүмкін.

8-параграф. Жылдамдықты басқару

214. Қонуға бет алу кезектілігін реттеу үшін, сондай-ақ ӘК арасында бойлық ара қашықтықты қамтамасыз ету үшін ӘК үдемелі аспаптық жылдамдығын және тік бағыттағы жылдамдығын реттеу қолданылады.

215. Әуедегі жағдайға қарай отырып, диспетчер ӘК экипажынан ағымдағы аспаптық жылдамдық мәнін сұрап, басқа әуе кемелеріне аспаптық жылдамдықтың тиісті мәндерін береді.

216. Үдемелі аспаптық жылдамдықты реттеу кезінде әуе кемесінің біреусіне ең жоғары жылдамдықты мүмкіндігінше ұстап тұруға, ал екіншісіне жылдамдықты азайтуға нұсқау беріледі:

1) таза қанатының (қанатты механикаландырмай және шассиді шығармай) ең төменгі жылдамдығын;

2) қонуға бет алудың ең төменгі жылдамдығын (шассиді шығарып және қанатын аралық жағдайға механикаландырып 1500 метрден төмен биіктікте қолданылады);

Аспаптық жылдамдық мәні 20 км/сағат (10 уз) еседе көрсетіледі.

217. Жылдамдықты басқару жөніндегі диспетчерге берілетін ұсынымдар:

1) ӘК экипажынан жылдамдықты талап етілетін шамаға дейін азайту мүмкін бе екенін анықтау қажет, үдемелі жылдамдықты көтеріп-азайтуға берілетін жалпы бұйрықты қолдану тиімсіздеу болып табылады, себебі ӘК экипажына жылдамдықты қаншалықты өзгерту дәрежесі туралы ештеңе айтылмайды;

2) 7600 метр биіктікте (250 эшелон) немесе одан жоғары жылдамдықты түзетуді 0,01 Маха еселік мөлшерде, ал 7600 метрден төмен биіктікте (250 эшелон) - 20 км/с (10 торап) есік аспаптық жылдамдық (IAS) мөлшерінде көрсету қажет;

3) әуеайлақ ауданына әуе кемесі кірген кезде жылдамдықты жайлап азайту кезінде сағатына 500 километрге (270 торап) дейін азайтудан басталу керек (Indicated Air Speed – IAS);

4) үлкен тік жылдамдықпен түсу кезінде үдемелі жылдамдықты азайту қиынырақ болады және үдемелі жылдамдықты азайту ресурстары кейбір ӘК түрлерінде шектеулі екенін ескерген жөн;

5) 150 (4550 метр) эшелоннан төмен биіктікте турбореактивті ӘК үшін жылдамдықты механикаландыруы және шассиі алынып тасталған турбореактивті ӘК-ның ең төмен жылдамдығына сәйкес келетін IAS 410 км/сағатқа (220 уз) дейін және 1500 метрден төмен биіктікте механикаландыруды шығару кезінде 350 км/сағатқа (190 уз) дейін азайтуға болады.

218. Үдемелі аспаптық жылдамдықты (IAS) сұрау оны ұстап тұруға берілген нұсқау емес. Ағымдағы үдемелі жылдамдықты сақтау қажет болған жағдайда, диспетчер ӘК экипажына тиісті нұсқаулар береді.

219. Жылдамдықты басқаруды әрі қарай шектеу қажет болмаса, тиісті әуе кемелері бұл туралы ақпараттандырылады.

220. Жылдамдықты басқару күту аймағына ұшып келе жатқан немесе сонда тұрған ӘК қатысты қолданылмайды.

221. Тік бағыттағы жылдамдықты реттеу кезінде диспетчер ӘК бағыттағы жылдамдығын сұрап, осы ӘК экипажына осы жылдамдықты ұстап тұру туралы нұсқау береді немесе оның жаңа мәнін хабарлайды. Соқтығысу жағдайын тудыратын басқа ӘК қолданыстағы тік аралықты сақтауға немесе көбейтуге мүмкіндік беретін тік бағыттағы жылдамдық белгілейді.

222. Тік бағыттағы жылдамдықты сұрау оны ұстап тұруға берілген нұсқау емес. Ағымдағы тік бағыттағы жылдамдықты сақтау қажет болған жағдайда, диспетчер ӘК экипажына тиісті нұсқаулар береді.

223. Барлық жағдайларда жылдамдықтарды реттеу ҰҚЖ-дан 7 километр (4 теңіз милі) қашықтыққа дейін аяқталуға тиіс.

Ескерту. 223-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

224. Жылдамдықты басқару кезінде осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 117-кестеге сәйкес үлгідегі фразеология қолданылады.

9-параграф. Тік эшелондаудың қысқартылған минимумын қолдану арқылы ұшу

225. Тік эшелондаудың қысқартылған минимумы (ағылшын тіліндегі аббревиатурасы RVSM (бұдан әрі – RVSM) қолданылатын әуе кеңістігінде ұшу кезінде немесе осы әуе кеңістігін тігінен қиып өту кезінде RVSM қолданылатын әуе кеңістігінде ұшуға бекітілмеген әуе кемелерінің ұшқыштары мұндай рұқсаттың жоқтығы туралы "negative RVSM (RVSM жоқ)" төмендегідей хабарлайды:

1) RVSM қолданылатын әуе кеңістігі шегіндегі кез келген арнадан бастапқы шақыру кезінде;

2) ұшу эшелонын өзгерту туралы барлық сұраулар кезінде;

3) ұшу эшелонына қатысты диспетчерлік рұқсаттарды барлық қайталаулар кезінде.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 118-кестеде келтірілген.

10-параграф. Сипаттамаларға (PBN) негізделген навигацияны қолдану

225-1. Сипаттамаларға (PBN) негізделген навигацияны қолдана отырып, ұшуды орындау кезінде мынадай фразеология қолданылады, оның үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшаның 118-1-кестесінде келтірілген

5-тарау. Авариялық байланыс жүргізу тәртібі

1-параграф. Жалпы қағидалар

226. Авариялық байланыс хабарлары былайша сыныпталады:

1) апат – аса ауыр және/немесе тікелей төнген қауіпті жағдай және шұғыл жәрдем беру талап етіледі;

2) қауырттық –ӘК немесе басқа көлік құралының немесе борттағы немесе көрінетін жердегі қандай да бір адамның қауіпсіз, бірақ шұғыл жәрдем беруді талап етпейтін жағдай.

227. Хабарламаның басында қолданылатын "mayday (апат)" сөзі апат туралы хабарламаны көрсетеді, ал хабарламаның басында қолданылатын "pan pan (жеделдік)" сөзі шұғыл хабарламаны көрсетеді. Жағдайға сәйкес, бұл сөздерді апат пен шұғыл жағдайға байланысты алғашқы шақырудың басында үш рет айтқан жөн.

Ескерту. 227-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

228. Апат туралы хабар қалған хабарлардың барлығынан маңызды, ал шұғыл хабарлар апат туралы хабардан басқа хабарлардың барлығынан да маңызды.

229. Апат немесе шұғылдық сигналын қолданатын экипаждар қажет емес қайталаулар жасамас үшін, баяу және анық сөйлеулері тиіс.

230. Экипаждар ұшу қауіпсіздігіне қатысты күмән болған жағдайлардың барлығында да жәрдем сұрайды. Бұл аса қауіпті жағдайдың орын алу қаупін болдырмауды қамтамасыз етеді.

231. Апат немесе шұғылдық сигналы сол уақытта қолданылып отырған жиілікте немесе халықаралық авиациялық апаттық жиілігінде 121,5 мегагерц, теңіз үстінде – 2182 килогерц немесе 4125 килогерц жиілікте берілуі тиіс.

Қажет болған жағдайда, әуе кемесі басқа жиілікке ауыстырылуы мүмкін.

232. Егер апатқа ұшыраған немесе шұғылдық жағдайындағы ӘК шақырып жатқан, жердегі станция жауап бермесе, онда жердегі кез келген басқа станция немесе ӘК жауап беріп, қолдан келгенше кез келген көмек көрсетеді.

233. Апат немесе шұғылдық жағдайына ұшыраған ӘК экипажына жауап беретін станция ұшқышқа көмектесетін ақпарат, кеңес немесе нұсқау ғана беруі тиіс. Шамадан тыс ақпарат беру, уақыты өзі де тығыз ӘК экипажының назарын басқаға аударуы мүмкін.

234. Көмек көрсетуге тікелей жұмылдырылмаған станциялар, апатқа ұшыраған ӘК тыңдалып жатқан жиілікті қолданбай тұра тұрулары тиіс.

235. Анық жеткен, бірақ жеткені расталмаған апат туралы хабар басқа ӘК түссе, апат туралы мұндай хабар түскен ӘК уақыты болса және шамасы келсе оны растап, радио арқылы хабарлауы тиіс.

236. ӘК экипаждарының өзара және авариялық-құтқару жұмыстарымен айналысып жатқан жер үсті қызметтерімен байланысы 123,1 мегагерц жиілікте жүзеге асырылады, оған ауысу 121,5 мегагерц жиілікте байланыс орнағаннан кейін жүргізіледі.

2-параграф. Апат туралы хабарлар

237. Апатқа ұшыраған ӘК мына жағдайларда апат белгісін береді:

- 1) қозғалтқыш (қозғалтқыштар) істен шыққан кезде;
- 2) ӘК өрт шықса;
- 3) бағдардан адасқан болса;
- 4) радиобайланыс істен шыққан кезде;
- 5) тұрақтылығын жоғалтқан, ұшақ басқарылудан қалған, беріктігі бұзылған кезде;
- 6) экипажға (жолаушыларға) шабуыл жасалған кезде;
- 7) әуеайлақтан тыс жерге мәжбүрлі қонатын болса;
- 8) күрт төмендеп кетсе;

9) борттағы болжамды отын қорын есептеу қауіпсіз қонуға болатын жақын әуеайлаққа қонғаннан кейін отын қоры отын резервінің жоспарланған деңгейінен төмен болатындығын көрсеткен кезде.

Ескерту. 237-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

238. Апат туралы хабарда мынадай элементтер көбірек және мүмкіндігінше мынадай тәртіпте болуы тиіс:

- 1) "mayday/апатқа ұшырадым" – үш рет қайталанады;
- 2) диспетчерлік пункттің шақыру белгісі;
- 3) ӘК тану индексі;
- 4) апат түрі;
- 5) ӘК командирінің әрі қарайғы ойы (шешімі) және экипаждың әрекеті;
- 6) ӘК ұшып бара жатқан жері,
- 7) ӘК ұшу эшелоны (биіктігі) мен бағыты;
- 8) басқа да кез келген пайдалы ақпарат.

239. Диспетчер экипаждан апат белгісін алған кезде оның ұшып бара жатқан жерін анықтап, сигналды алған уақытын жазып, талап етуі бойынша экипажға хабарлайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 119-кестеде келтірілген.

240. Апатқа ұшыраған ӘК өзіне назар аударттыру үшін және жағдайын хабарлауы үшін (ҚШРЛ 7700 тиісті кодын қолдануды қоса) қолындағы кез келген құралдарды қолданады.

241. Апат туралы хабар алған кез келген авиациялық станция осы хабарды ӘҚК органына хабарлайды, егер апатқа ұшыраған ӘК онымен өзі байланыса алмаса. Бұл жағдайларда осы хабарды хабарлайтын станция апатқа ұшыраған өзі емес екенін анық білдіруі тиіс. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 120-кестеде келтірілген.

3-параграф. Радиобайланысты өшіру режимін енгізу

242. Авариялық ӘК ӘҚК жүзеге асыратын диспетчер немесе апатқа ұшыраған әуе кемесі, осы жиілікте жұмыс істеп отырған барлық ӘК үшін немесе нақты бір ӘК үшін радиобайланысты өшіру режимін енгізе алады.

Радиобайланысты өшіру режимі диспетчерден (ӘК экипажынан) радиобайланысты өшіру режимін жою туралы хабар келіп түскенше сақталады. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 121-кестеде келтірілген.

Ескерту. 242-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

243. Радиобайланысты өшіру режимін енгізу кезінде экипаждар:

1) авариялық жағдайлар орын алмаған жағдайлардан басқа жағдайларда осы диспетчерлік пункттің ӘҚК радиожелісінде хабараламарды таратудың барлығын тоқтатып, оларды қабылдауға ғана жұмыс істейді;

2) диспетчердің сұрауы бойынша ғана байланысқа шығады;

3) ерекше қажеттілік туындаған жағдайда, жұмыс жиілігінде апатқа ұшыраған ӘК ғана қалдыруға болады. Қалған барлық ӘК басқа жиілікке ауыстырылады. Апатқа ұшыраған ӘК келетін хабарларға келетін кедергілерді жою мақсатында, қалған ӘК растау жаңа жиілікте жүргізіледі.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 122-кестеде келтірілген.

4-параграф. Апат сигналын және радиобайланысты өшіру режимін сөндіру

244. Егер әуе кемесі апатқа ұшырамаған болса, оның экипажы апат жағдайын жоққа шығаратын хабар жібереді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 123-кестеде келтірілген.

245. Диспетчерге ӘК енді апат жағдайында емес екенін білген жағдайда немесе ӘК жауапкершілік аймағынан шыққан жағдайда радиобайланысты өшіру режимін сөндіреді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 124-кестеде келтірілген.

5-параграф. Шұғыл хабарлар

246. Жеделдік сигналы бойынша хабар мүмкіндігінше төменде келтірілген тәртіппен берілетін келесі элементтерді қамтиды:

- 1) шұғылдық сигналы – "рап рап / пан пан" (үш рет беріледі);
- 2) диспетчерлік пункттің шақыру белгісі;
- 3) ӘК тану индексі;
- 4) хабарламаны беру себебі;
- 5) ӘК командирінің ниеті (шешімі) және экипаждың әрекеті;
- 6) ӘК орналасқан жері;
- 7) ұшу эшелоны (биіктігі) және ӘК курсы;
- 8) кез келген басқа да пайдалы ақпарат.

Ескерту. 246-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

247. "рап/пан" сигналы бойынша ӘК немесе борттағы қандай да бір адамдардың ұшу қауіпсіздігіне қатысты хабарлар беріледі.

248. Хабар сол кезде қолданылып отырған жиілікте беріліп, осы ӘК ұшып бара жатқан ауданға жауапты диспетчерлік пунктке жіберіледі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 125-кестеде келтірілген.

249. Шұғылдық жағдайлары мен сипатына қарай диспетчер ӘК экипажына хабар себептерін нақтылау үшін қосымша сұрақтар береді.

6-параграф. Авариялық құлдйлау

250. ӘК экипажы авариялық құлдылау туралы баяндаған кезде, диспетчер осы ӘК қауіпсіз төмендеуін қамтамасыз ету үшін қолдан келгенше барлық әрекеттерді орындайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 126-кестеде келтірілген.

251. ӘК экипаждары авариялық құлдылау туралы жалпы хабар бергеннен кейін нақты нұсқаулар беріледі.

6-1 - параграф. Ең төменгі қауіпсіз абсолюттік биіктік туралы ескерту беру

Ескерту. 5-тарау 6-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

251-1. MSAW берілген жағдайда бақыланатын ұшуға қатысты мынадай іс-қимылдар қабылданады:

1) егер әуе кемесі векторлаумен қамтамасыз етілсе, әуе кемесінің экипажына ұшудың белгіленген қауіпсіз эшелонын (биіктігін) дереу алуға нұсқау беріледі және егер бұл қажет болса, жаңа бағыт тағайындалады;

2) басқа жағдайларда ӘҚҚ органының диспетчері әуе кемесінің экипажына ең төменгі қауіпсіз абсолютті (салыстырмалы) биіктікке қатысты ескерту алынғанын хабарлайды және биіктік өлшегішке қысымның дұрыс орнатылуын және әуе кемесінің берілген ұшу эшелонын (биіктігін) тексеруге нұсқау береді. Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшадағы 126-1-кестеде келтірілген.

7-параграф. ӘК экипажымен байланысты жоғалту

252. Егер экипаж соған бөлінген жиілікте диспетчерлік пунктпен байланыса алмаса, ӘҚҚ-ның осы ауданындағы (аймағындағы) шектес диспетчерлік пункттің жиілігінде байланысып көруі тиіс. Осы жиілікте жұмыс істейтін басқа да ӘК байланысып көруді қатар жүргізуі тиіс.

253. Егер байланыс орнату мүмкін болмаса, экипаж хабар жіберіліп отырған адресатты (адресаттарды) қоса, "блиндпен хабарлаймын (Transmitting blind)" деген сөз тіркесін айтып, хабарын соған бөлінген жиілікте (жиіліктерде) екі рет қайталайды.

254. Борттағы қабылдағыш құралдың істен шығуына байланысты, екі жақты байланыс болмаса, экипаж белгіленген тәртіпте қолдануға белгіленген жиілікте жеткізулерін беруді жалғастыра береді. Мұндай хабарлар "қабылдағыштың істен шығуына байланысты блиндпен хабарлаймын (Transmitting blind due to receiver failure)" деген сөз тіркестерінен кейін екі рет қайталаынады. Хабарларда кезекті хабарлау уақыты немесе орны, сондай-ақ ӘК экипажының ұшуды орындау тәртібіне қатысты әрі қарайғы ойы көрсетіледі.

255. Борттық жабдықтың істен шығуы салдарынан байланыс бұзылған жағдайда, ұшқыш жауап берушінің кодын ҚШРЛ 7600 белгілейді (ӘК бортында тиісті қабылдау-жауап беру құралы болған жағдайда).

256. Егер диспетчерлік пункт экипаж тыңдайды деген жиіліктерде шақырғаннан кейін ӘК байланыс орната алмаса, онда бұл диспетчерлік пункт:

1) ӘК хабарларын қайта тарату қажет болса, ӘК шақыру мақсатында ӘҚҚ-ның шектес органдарымен байланысады;

2) хабарларды қайта тарату қажет болса, осы аудандағы басқа ӘК арқылы байланыс орнатып көреді.

8-параграф. Ұсталу кезіндегі радиоалмасу

257. ӘК ұсталған кезде экипаж 121,5 мегагерц авариялық жиілігінде ұстап алушымен немесе ұстауды басқарудың тиісті органымен байланыс орнатып, ұстап алушының бұйрықтарын орындайды.

258. Егер экипаж ӘК ұсталғанын білсе, бұл туралы өзі ұшып келе жатқан ӘҚҚ-дағы диспетчерлік пунктке баяндайды.

6-тарау. Метеорологиялық ақпарат

259. Хабарлар, болжамдар немесе ескертулер түріндегі метеорологиялық ақпаратты ӘҚҚ органдары немесе радиохабар тарату арналары арқылы ұшқыш ұсынады. Бұл жағдайда арнайы метеорологиялық терминдер қолданылуы тиіс, ал ақпарат, қабылдаушы ұшқыш (ӘК экипажы) осы деректерді жазып үлгеретіндей асықпай хабарланып, анық айтылады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 127-кестеде келтірілген.

260. Бұлттылық туралы ақпаратты төмендегідей түрде беруге болады:

"scattered at one thousand eight hundred metres, scattered cumulonimbus at 600 metres, broken at 1000 metres " "1800метрде шашыранды бұлттар, 600 метрде шашыранды түйдек-жауынды бұлттар бар" Жоғарыда келтірілген мысалдағы "scattered" 3-4 октантке, "broken" - 5-7 октантке сәйкес келеді.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 128-кестеде бұлттылық мөлшерінің сәйкестігін анықтау терминдері келтірілген.

261. ҰҚЖ-дағы көру мүмкіндігінің қашықтығы туралы хабар беру кезінде әр әріп үшін фонетикалық сөзді қолданбай, RVR қысқартуы қолданылады. Дұрыс түсінбей қалу қаупі болмаса, ҰҚЖ нөмірін жіберуге болады.

262. Аспаптық өлшеу жасалған жағдайда, RVR-дің бірнеше мәнін хабарлауға болады. Деректер үш бақылау нүктесіне берілген жағдайда, бұл нүктелерді хабарламалар мынадай тізбекте берілген жағдайда көрсетпеуге болады: жақындау аймағы, орталық аймақ және ҰҚЖ соңы.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшаның 129-кестесінде келтірілген

263. Егер жел ұйытқиды деп күтілсе немесе ол туралы басқа ӘК хабарлаған болса, диспетчер келесі ӘК бұл құбылыстың орын алмағанын хабарлағанынша, басқа ӘК ескерте береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 130-кестеде келтірілген.

7-тарау. ҰҚЖ бетінің жай-күйі

264. Әуе кемесінің тежеу тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін ҰҚЖ бетінің жай-күйі туралы ақпарат берілген жағдайларда, қажеттілігіне қарай мынадай терминдер пайдаланылады: "тығыздалған қар бетіндегі су" (water on top of compacted snow), "аяз" (frost), "мұз" (ice), "дымқыл" (wet), "дымқыл мұз" (wet ice), "ылғалды қар" (wet snow), "мұз бетіндегі ылғалды қар" (wet snow on top of ice), "мұз бетіндегі тығыздалған қардың бетіндегі сулы қар" (wet snow on top of compacted snow), "лай батпақ" (slush), "тұрақты су" (standing water), "кұрғақ" (dry), "кұрғақ қар" (dry snow), "мұз бетіндегі құрғақ қар" (dry snow on top of ice), "тығыздалған қар бетіндегі құрғақ қар" (dry snow on top of compacted snow), тығыздалған қар (compacted snow).

Ескерту. 264-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

265. Ілінісу коэффициенті ("braking coefficient") немесе тежеу тиімділігі ("braking action") немесе ҰҚЖ беті күйінің коды (surface condition code) тиісті өлшеу деректері болған жағдайда хабарланады.

Ескерту. 265-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

266. Ұшқыштарды тежеу тиімділігі туралы хабарлама: "хорошая" (good), "от хорошей до средней" (good to medium), "средняя" (medium), "от средней до плохой" (medium to poor), "плохая" (poor), "хуже чем плохая" (less than poor). Ұшқыштардың нақты тежеу тиімділігі туралы хабарларын ӘҚК органы келесі ӘК-ға мына нысанда хабарлайды: "Braking action reported (тип ВС) at (уақыт) (тежеу тиімділігін бағалау)". ӘК экипажынан бұл туралы хабарланғандай жақсы болмаған тежеудің нақты тиімділігі туралы арнайы хабарламаларды алған кезде ӘҚК органдары осы ақпаратты әуеайлақ пайдаланушысына дереу жібереді.

Ескерту. 266-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

267. ӘҚК органдары ҰҚЖ бетінің және әуеайлақтың нақты жай-күйі туралы басқа деректерді осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 131-кестеде келтірілген үлгі бойынша хабарлайды.

8-тарау. ӘК жақындасулары туралы баяндау

268. Егер ӘК экипажы әуе кемелерінің жақындасып кеткенін байқаса, ал бұл жағдай ӘК ұшып келе жатқан жерлері мен салыстырмалы жылдамдықтарын ескергеннің өзінде, осы ӘК қауіпсіздігіне қауіп төндірсе немесе төндіруі мүмкін болса, ол диспетчерлік пунктке "airprox" баяндайды.

269. Осы әуе ӘК қозғалысына қызмет көрсетіп отырған диспетчерге бұл туралы бірінші рет радиотелефон байланысы арқылы баяндайды. Егер диспетчердің жұмысы өте көп болып, баяндауды сол сәтте қабылдай алмаса, бұл туралы ӘК экипажына хабарлайды. Бұл жағдайда ӘК экипажы ӘК қонғаннан кейін баяндайды.

270. Ұшқыштың баяндамасы "airprox report" сөздерінен басталып, мынадай тармақтарды қамтиды:

- 1) ӘК шақыру белгісі;
- 2) ҚШРЛ коды;
- 3) жақындасу жері;
- 4) ӘК бағыты;
- 5) эшелоны немесе биіктігі;
- 6) биіктік өлшегіш құралында белгіленген қысым;
- 7) ӘК жағдайы (көлденең ұшу/биіктік алу/төмендеу/бұрылу);
- 8) метеожағдайлар;
- 9) жақындасу күні мен уақыты (UTC);
- 10) басқа әуе кемесінің сипаттамасы;

11) ӘК байқалған қашықтық және өзі мен байқалған әуе кемесінің нақты ұшу траекториясы.

9-тарау. Автокөлік және әуеайлақ құралдарымен радиоалмасу жүргізу

271. Радиотелефон байланысын жүргізу қағидаларын әуеайлақтың ұшу алаңындағы жұмыстарды ұйымдастыратын және бақылайтын барлық адамдар, сондай-ақ әуеайлақтағы автокөлік құралдарын жүргізушілер де сақтайды.

272. Мұндай жұмыстар атқаратын адамдар, сондай-ақ автокөлік пен әуеайлақ құралдары жүргізушілер әуежай ішіндегі байланыс жиілігін, ал ұшу жолағы мен рульдеу жолы (бұдан әрі – РЖ) учаскелерінде және оған жапсарлас жатқан жерлерде жұмыстар жүргізу кезінде "Рульдеу" немесе "Мұнара" ("Старт") диспетчерлік пункттерінің жиілігіндегі радиоалмасуды үнемі тыңдап жүрулері тиіс.

272-1. Маневр жасау алаңында операцияларды орындайтын немесе орындағысы келетін көлік құралдарының жүргізушілері ӘҚҚ диспетчеріне байланыс құралдарының көмегімен берілген ӘҚҚ органы нұсқауларының бір бөлігінің ұшу қауіпсіздігін

қамтамасыз етуге қатысты ҰҚЖ-ға немесе РЖ-ға орналасуға, ҰҚЖ немесе РЖ алдында тоқтауға, ҰҚЖ-ның немесе РЖ-ның қиылысуына және кез келген қолданыстағы ҰҚЖ-ға немесе РЖ-ға операцияларды орындауға арналған нұсқауларды қайталайды.

Ескерту. 9-тарау 272-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

272-2. ӘҚҚ диспетчері көлік құралы жүргізушісінің оны дұрыс түсінгеніне көз жеткізу үшін берілген нұсқаудың қайталануын тындайды және қайталау нәтижесінде анықталған кез келген сәйкессіздіктерді түзету жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

Ескерту. 9-тарау 272-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.10.2021 № 536 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

273. "Рульдеу" немесе "Мұнара" ("Старт") диспетчерлік пункттерінің әуежай ішіндегі байланыс жиіліктерін тындау ұшу алаңында жүру тәртібі туралы қосымша нұсқаулар алу үшін және жердегі жылжымалы техника және ӘК туралы ақпаратты білу үшін жүргізіледі.

274. Радиотелефон байланысын жүргізу үшін әр абонентке (ұшу алаңына шығатын машиналарға) тиісті шақыру белгілері беріледі.

275. Жүргізушілер диспетчермен байланысқан кезде өзіне берілген шақыру белгісін қолданып өзін атаулары, келе жатқан жері мен жұмысқа бару бағытын көрсетулері тиіс. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 132-кестеде келтірілген.

276. Егер жүргізуші байланысқа шыққан кезде диспетчер бос емес болса, бұл туралы "күте тұрыңыз" деп хабарлайды. Бұл жүргізушінің диспетчер қоңырауын күтіп, диспетчерден рұқсат алғанша жүрісті бастамауын білдіреді.

277. Автокөлік құралдарына қажет жеріне дейін баруына рұқсат беру мүмкін болмаған жағдайда, диспетчер өзі белгілеген пунктке баруға рұқсат бере алады, сол жерге тоқтағаннан кейін жүргізуші белгіленген (жұмыс) орнына баруға тағы рұқсат сұрайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 133-кестеде келтірілген.

278. Қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, перронда жүруге берілетін рұқсатқа басқа көлік құралдарына қатысты барлық қажет ақпаратты қосуға болады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 134-кестеде келтірілген.

"Жалғастыра беріңіз" сөзі көлік құралдарымен радиоалмасу кезінде қолданылмайды

279. Кез келген автокөлік және әуеайлақ құралының жүргізушісі рұқсат алмайынша және сол рұқсатты алғанын растамайынша ұшу-қону жолағын ешбір жағдайда да қиып өтпейді. Ұшу жолағының босағаны туралы баяндау ол босағаннан кейін дереу хабарланады.

280. Диспетчер қонуға бет алған ӘК жерге қонғанға дейін немесе қонғаннан және ұшу алаңын қиып өту орнынан жүріп өткеннен кейін 5 минуттан көп уақыт аралығы

болған жағдайда, автокөлік және әуеайлақ құралдарына ұшу жолағын қиып өтуге рұқсат береді.

281. Жүргізуші ұшу алаңын қиып өтуге рұқсатты ҰҚЖ-ның жоспарланған учаскесіне (РМЖ-ның шекті аймағының шекарасы) жетпей тоқтағаннан кейін сұрайды. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 135-кестеде келтірілген.

282. Егер автокөлік немесе әуеайлақ құралы ұшу жолағында тұрып, оны босату қажеттілігі туындаса, диспетчер осы құралдың жүргізушісіне босату туралы нұсқау береді.

283. Ұшу жолағы барлық жағдайларда да ӘК есептік (нақтыланған) қону (ұшу) уақытына 5 минут қалғанға дейін автокөлік және әуеайлақ құралдарынан босатылуы тиіс. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 136-кестеде келтірілген.

284. Автокөлік және әуеайлақ құралы әуеайлақтың жұмыс алаңымен жүріп бара жатса, оның жүргізушісін орын алуы мүмкін қауіпті жағдай туралы ақпараттандыру үшін, диспетчер оның жүргізушісіне шұғыл әрекеттер жасауға нұсқау береді. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 137-кестеде келтірілген.

10-тарау. Диспетчерлер арасында ӘҚҚ барысында ақпаратпен алмасу

285. ӘҚҚ барысында шұғыл хабарлармен және ақпаратпен алмасу шектес пункттердің диспетчерлері арасында жұмыс технологияларына сәйкес тиісті байланыс арналары арқылы жүргізіледі.

286. Диспетчерлік пункттер арасында шұғыл хабарлармен және ақпаратпен алмасу кезінде олардың әрқайсысын шақыру үшін белгіленген шақыру белгілері қолданылады. Диспетчерлік пункттерде бағыттар, секторлар ұйымдастырылған жағдайда, берілген цифрлық индекс қоса айтылатын негізгі шақыру белгісі қолданылады. Қолданылатын фразеология үлгілері: "Бақылау-1", "Бақылау-2", "Жақындау– 1", "Жақындау – 2", "Мұнара".

287. ӘҚҚ-ның шектес (өзара әрекеттесетін) пункттерінің диспетчерлері арасында хабарлармен және ақпаратпен алмасу кезінде, бақылау мақсатында, хабарды және ақпаратты қабылдайтын диспетчер:

- 1) ӘК түрін және шақыру белгісін;
- 2) міндетті жеткізулер пунктінен (МЖП), тапсыру межесінен ұшып шығу, ұшып өту уақытын;
- 3) ұшу эшелонын (биіктігін);
- 4) ұшып шығуға, қонуға берген рұқсатты немесе тыйым салуды қайталайды.

ӘҚҚ-ның шектес (өзара әрекеттесетін) пунктінің диспетчері мұндай хабарды қайталамаған жағдайда, хабар беруші диспетчер одан хабарды түгелдей немесе жартылай қайталауын талап етеді.

288. Әрбір ӘК ұшуды қамтамасыз ету барысында ӘҚҚ пункттерінің диспетчерлері аралас ауданға (аймаққа) кіру (шығу) шарттарын өзара келіседі.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 138-кестесінде келтірілген.

ӘК-де RNAV жабдығының параметрлері нашарлаған немесе істен шыққан кезде, ұшу жоспарының 18-тармағында көрсетілген ақпарат қамтылмаған хабарламалармен автоматтандырылған алмасу жағдайында хабарламаны жіберуші ӘҚҚ органы бұл туралы ӘҚҚ қабылдаушы органын АСТ хабарламасын "RNAV OUT OF SERVICE" (RNAV жұмыс істемейді) фразасын пайдалана отырып, ауызша хабарламамен толықтыра отырып хабардар етуге тиіс. Ауызша үйлестіру процесін пайдаланған кезде хабарламаны жіберуші ӘҚҚ органы хабарламаның соңында "RNAV OUT OF SERVICE" (RNAV жұмыс істемейді) сөзін қосуға тиіс. Егер RNAV жоқ болса, "NEGATIVE RNAV" (RNAV жоқ) фразасы қолданылады.

Ескерту. 288-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

289. Аралас аудандық ДП-ға кіру шарттары ӘҚҚ тарату шебіне шыққанға дейін 10 минуттан кешіктірілмей келісіледі және беріледі.

Ескерту. 289-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

290. Аудандық ДП диспетчері ӘК әуеайлақ ауданына кіру алдында ДП диспетчеріне мынаны хабарлайды:

- 1) әуеайлақ ауданына кіру орны;
- 2) ӘК келуінің есептік уақыты;
- 3) рейстің нөмірі мен литері;
- 4) ӘК шақыру белгісі және жауапкердің ҚШРЛ коды;
- 5) ұшу эшелоны (биіктігі);
- 6) қону әуеайлағы және ӘК типі (қажет болған жағдайда).

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 139-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 290-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

291. ӘК қону алдындағы түзуге шығуын қамтамасыз ету үшін "Шеңбер" диспетчері "Мұнара" диспетчерін оның схема бойынша ұшып келе жатқан жері туралы ақпараттандырады. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 140-кестеде келтірілген.

292. "Мұнара" диспетчері "Рульдеу" диспетчерімен ӘК-ның ҰҚЖ-ны босату бағытын келіседі. Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 141-кестеде келтірілген.

293. Ұшу кезінде ерекше жағдайлар орын алған жағдайда, ӘК қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ӘҚҚ пункттерінің өзара әрекеттесуші диспетчерлеріне,

ұшу басшыларына, авариялық-құтқару қызметіне және басқа да мүдделі қызметтерге бұл туралы уақтылы және анық хабарлау арқылы жүзеге асырылады.

Хабарлармен алмасу кезінде нақты орын алған жағдайды ескерген жөн. Хабарда мынадай элементтер болуы тиіс:

- 1) хабардың кімге арналғаны;
- 2) кім хабарлап отырғаны;
- 3) диспетчерлік пункттің шақыру белгісі;
- 4) ӘК тану индексі;
- 5) апат сипаты;
- 6) ӘК командирінің әрі қарайғы ойы (шешімі) және эеипаждың әрекеті;
- 7) ӘК ұшып келе жатқан жері,
- 8) ӘК ұшу эшелоны (биіктігі) мен бағыты;
- 9) басқа да кез келген пайдалы ақпарат.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасындағы 142-кестеде келтірілген.

294. Үйлестіру тәртіптемелері шектес мемлекеттердің ӘҚҚ органдары арасында жасалған келісімдермен анықталады.

11-тарау. Әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету (AFIS)

295. Даулы жағдайдың туындауына әкелетін траектория бойынша ұшып келе жатқан ӘК туралы ақпарат:

- 1) даулы жағдайдағы ӘК туралы ақпаратты (мүмкіндігінше қозғалыс бағытымен);
- 2) турбуленттілік түрі мен санатын;
- 3) ӘК биіктігін;
- 4) ӘК ағымдағы немесе есепті орналасқан жері немесе ӘК экипажының баяндауына негізделген нүктеден ұшып өтудің есепті уақытын;
- 5) қолда бар басқа да кез келген ақпаратты (жауапкершілік аймағын кесіп өту, ұшып көтерілу мен қонудың есепті уақыты, ӘК экипажынан алынған болжамды қону бағыты) көрсете отырып беріледі.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшаның 143-кестесінде келтірілген.

296. AFIS органы (авиациялық станция операторы) ӘК экипажына SIGMET, AIRMET, GAMET ақпаратын қоса алғанда, метеорологиялық жағдайлар туралы өзінің қолында бар ақпаратты ұсынады:

жер төңірегіндегі желдің бағыты мен жылдамдығы, оның ішінде олардың айтарлықтай өзгеруі туралы соңғы деректер;

QNH қысымы бойынша биіктікті өлшеу құралын орнатуға арналған деректер, сондай-ақ ӘК экипажының сұрау салуы бойынша QFE қысымы бойынша биіктікті өлшеу құралын орнатуға арналған деректер;

газтурбиналы әуе кемелері ұшуларын орындау кезінде жұмыс ҰҚЖ-дағы ауа температурасы туралы деректер;

егер ол 10 км кем болса, ұшып көтерілу бағытындағы және бастапқы биіктікті алу кезіндегі немесе қонуға кіру және қону аймағындағы ең төменгі көріну шамасы туралы деректер немесе тиісті жағдайларда немесе егер AFIS органы ақпарат алған болса, жұмыс ҰҚЖ-дағы көріну шамасының ұзақтығы туралы деректер;

ұшып көтерілу және биіктік алу немесе қонуға кіру және қону аймағындағы ерекше метеорологиялық жағдайлар.

Осындай ақпарат:

аймақта түйдек-жауынды бұлттардың немесе найзағайдың, ауыспалы желдің, бұршақтың, дауыл сызығы, біркелкі немесе қатты турбуленттілік, біркелкі немесе қатты мұз қату жағдайының бар болуы немесе болуы күтіліп отырған жағдай туралы ақпарат;

пайдалану тұрғысынан маңызды мағынаға ие жақын арада болған табиғат құбылыстары туралы кез келген ақпаратты (мұз қататын жауын-шашы, мұз қататын тұман, бірқалыпты немесе қатты жауын-шашын – жауын, сіркіреме, қар, қарлы жаңбыр, мұзды жаңбыр, бұршақ, мұзды немесе қиыршық қар, қар түйіршіктері; бірқалыпты немесе қатты жаяу бұрқасын; тұман; шаңды немесе құмды боран; найзағай; құйын; вулканның күлі) қамтиды.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшаның 144 және 156-кестелерінде келтірілген.

297. AFIS органы (авиациялық станция операторы) ӘК ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті әуеайлақтағы (тікұшақ айлағындағы) жағдай туралы ақпаратты ұсынады. Осындай ақпарат мүмкіндігінше төмендегілер туралы ақпаратты қамтуға тиіс:

1) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) маңында немесе оған жақын орналасқан жердегі жұмыс алаңындағы құрылыс немесе жөндеу жұмыстары туралы;

2) тиісті таңбалануының болуына қарамастан, ҰҚЖ мен БЖ-дағы немесе перрондағы тегіс емес немесе бұзылған жабындылар туралы;

3) ҰҚЖ, БЖ немесе перронда қардың, балшықтың немесе мұздың бар болуы туралы;

4) ҰҚЖ, БЖ немесе перронда судың бар болуы туралы;

5) ҰҚЖ, БЖ жақын жердегі немесе перрондағы омбы қар немесе үйілген қар туралы;

6) басқа уақытша қауіптер, оның ішінде тұрақта ӘК-нің немесе жерде не әуеде құстардың бар болуы туралы;

7) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарықсигналды тұтас жүйесінің немесе бір бөлігінің істен шығуы немесе тұрақсыз жұмыс істеуі;

8) газ және ыстық ауа ағындарының (турбиналар, генераторлар және т.б.) шығарылуы туралы, тікұшақ айлағындағы кедергілердің бар болуы туралы ақпарат;

9) кез келген басқа тиісті ақпарат.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшаның 145 және 156-кестелерінде келтірілген.

298. ӘК экипажынан ұшыру туралы сұрау салу келгеннен кейін, AFIS органы ұшыру бойынша нұсқауларды береді.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшаның 146-кестесінде келтірілген.

299. ӘК экипажынан бұруға дайын болу туралы ақпаратты алғаннан кейін AFIS органы ӘК-нің маневрлеу алаңындағы қозғалысы және әуесайлақтағы жағдайлар туралы ақпаратты береді.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшаның 147-кестесінде келтірілген.

AFIS органы ӘК экипажына төмендегі туралы хабарлайды (осындай ақпарат бар болған жағдайда):

1) пайдаланылатын ҰҚЖ;

2) жер төңірегіндегі желдің бағыты мен жылдамдығы, оның ішінде олардың айтарлықтай өзгеруі туралы;

3) QNH қысымы бойынша биіктікті өлшеу құралын орнатуға арналған деректер, сондай-ақ ӘК экипажының сұрау салуы бойынша QFE қысымы бойынша биіктікті өлшеу құралын орнатуға арналған деректер;

4) газтурбиналы ӘК ұшуларын орындау кезінде жұмыс ҰҚЖ-дағы ауа температурасы туралы деректер;

5) егер ол 10 км кем болса, ұшып көтерілу бағытындағы және бастапқы биіктікті алу кезіндегі ағымдағы репрезентативті көріну шамасы туралы деректер, немесе, егер AFIS органында бар болса, жұмыс ҰҚЖ-дағы көріну шамасының ұзақтығы туралы деректер;

300. ӘК экипажы осы ақпаратты алғаннан кейін бұру маршрутын таңдайды және ол туралы AFIS органына хабарлайды.

301. ӘК экипажы бастапқы стартта тұрғанын және орындау стартына орналасуға дайын екендігін хабарлағаннан кейін, AFIS органы ӘК экипажына оның қолындағы ақпарат бойынша жолақ бос болған жағдайда, жолақта ӘК көлік құралдарының немесе басқа кедергілердің жоқ екендігін, сондай-ақ тура жолда ӘК-ның жоқ екендігін хабарлайды.

302. Егер жолақ бос болмаса, AFIS органы ӘК экипажына ҰҚЖ-ның бос емес екендігі туралы хабарлайды. Бұл жағдайда ӘК экипажы бастапқы стартта күтеді.

303. AFIS органынан жолақтың бос екендігі туралы ақпаратты алғаннан кейін ӘК экипажы орындау стартына бұрылады да, ұшып көтеріледі. ӘК экипажы AFIS органына орындау стартына орналасқаны және ұшып көтерілгені туралы хабарлайды.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасының 148-кестесінде келтірілген.

304. Ұшып келіп жатқан ӘК AFIS органының жауапкершілік аймағына кірген кезде төмендегі ақпаратты хабарлайды:

1) шақырылатын авиациялық станцияның шақыру белгісі;

2) ӘК шақыру белгісі;

3) өзінің орналасқан жері мен биіктігі;

- 4) ниеттері;
- 5) есепті ұшып келу уақыты (есепті аймақтан шығу уақыты);
- 6) ұшып шығу әуеайлағы (қажет болған жағдайда);
- 7) ұшуды қауіпсіз орындау үшін қажетті басқа ақпарат.

305. Әуеайлақтық ұшу шеңберіне кіргенге дейін немесе қонуға кіруді бастағанға дейін AFIS органы ӘК экипажына төмендегі ақпаратты ұсынады:

1) жұмыс (қолайлы) ҰҚЖ;

2) жер төңірегіндегі желдің бағыты мен жылдамдығы, оның ішінде олардың айтарлықтай өзгеруі туралы деректер;

3) QNH қысымы бойынша биіктікті өлшеу құралын орнатуға арналған деректер, сондай-ақ ӘК экипажының сұрау салуы бойынша QFE қысымы бойынша биіктікті өлшеу құралын орнатуға арналған деректер;

4) ауа температурасы;

5) жауын-шашын және басқа уақытша қауіптер болған кездегі ҰҚЖ-дағы жағдайлар;

6) қонуға кіру үшін қажетті визуалды және визуалды емес құралдардың жұмысқа қабілеттілігіндегі өзгерістер;

7) ұшуды орындау үшін қажетті басқа ақпарат.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасының 149-кестесінде келтірілген.

306. Егер жолақта басқа ӘК бар болса, ӘК экипажы қонуды орындамайды. AFIS органы ӘК экипажына қону туралы немесе екінші айналымға кету туралы шешім қабылдауға көмек көрсету үшін ӘК қозғалысы және әуеайлақтағы жағдайлар туралы ақпаратты ұсынады.

307. Ұшып шығатын ӘК жұмыс ҰҚЖ бүйір жағын кесіп өткен немесе бұрылуды орындаған немесе алдыңғы қонуға кіретін ӘК жұмыс ҰҚЖ босатқан сәтке дейін ӘК экипажына қонуға кіру кезінде AFIS органы "жолақтың бос" екендігі туралы хабарламайды;

308. AFIS органынан "жолақ бос" деген ақпаратты алғаннан кейін ӘК экипажы қонуды орындау ниеті туралы баяндайды, қонғаннан кейін ӘК экипажы жолақты босатпақшы болған БЖ туралы хабарлайды.

Тұраққа келгені туралы ӘК экипажы AFIS органына баяндайды.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасының 149-кестесінде келтірілген.

309. AFIS органы белгіленген межеде ӘК-ні ӘҚК шектес органына (Ұшу ақпараты орталығына) береді.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасының 150-кестесінде келтірілген.

310. Ұшуды бақыланбайтын әуеайлақтарда орындаған жағдайда ӘК экипаждары ақпаратты TIBA жиілігінде (ӘК-нің қозғалыс туралы ақпаратты радио арқылы тарату) ақпаратты беруді жүзеге асырады.

Үлгісі осы Қағидаларға 2-қосымшасының 151-кестесінде келтірілген.

12-тарау. Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету (ҰАҚ)

311. ҰАҚ төмендегі ақпаратты ұсынуды қамтиды:

1) метеорологиялық орган беретін әуайлақ ауданы және маршруттар мен ұшу аудандары бойынша ескертулер (SIGMET және AIRMET ақпаратын қоса алғанда);

2) жанартау атқылағанға дейінгі жанартау әрекетіне, жанартау атқылауларына, сондай-ақ жанартау күлінің бұлттарына қатысты;

3) атмосфераға радиоактивтік заттардың немесе улағыш химиялық заттардың таралуына қатысты;

4) навигациялық құралдардың пайдалану жағдайының өзгеруі туралы;

5) әуеайлақтардың және олармен байланысты құралдардың өзгеруі туралы, оның ішінде әуеайлақта қар, мұз немесе айтарлықтай су қабаты болған кездегі әуеайлақтың жұмыс алаңдарының жағдайы туралы ақпарат;

6) пилотсыз басқарылмайтын аэростаттар туралы.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасының 151-кестесінде келтірілген.

312. Осы Қағидалардың 310-тармағында көрсетілген ақпараттан басқа, ұшуды қамтамасыз ететін ҰАҚ мыналарға:

1) ұшу әуеайлақтардағы, межелі және қосалқы әуеайлақтардағы хабарланған немесе болжанған ауа-райы жағдайына;

2) С, D, E, F және G класындағы әуе кеңістігінде ұшуды орындайтын ӘК үшін соқтығысу қаупіне қатысты ақпарат ұсынуды қамтиды.

Оларды болуы ақпарат берілетін ӘК-мен соқтығысу қауыпін төндіруі мүмкін, танымал ӘК ғана кіретін, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген ақпарат кей кезде толық болмайды және Ұшу ақпаратының орталығының (ҰАО) органдары оны тұрақты түрде шығаруға немесе оның нақтылығына жауапкершілік ала алмайды.

Қажеттілік болған жағдайда, осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес ұсынылатын қақтығыстар қаупі туралы ақпаратпен толықтыру немесе белгілі бір әуе кеңістігінде ҰАҚ уақытша бұзылған жағдайда, "Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 509 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15852 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес экипаж ұсынатын қозғалыс туралы ақпаратты ӘК-ге радиохабарларды тарату бағдарламасын қолдану орынды.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 152-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 312-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.02.2023 № 118 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

313. ӘК ұшып шыққанда кезде, байланысқа шыққан кезде және ӘК экипажы жауапкершілік аймағына ӘК кіруі туралы баяндағанда (ӘҚҚ тарату шептерінің ұшуы), ӘК экипажы мынадай ақпаратты берген жағдайда:

1) ҰАҚ ұсынуға жауапты орган:

межеден ұшып өту уақытын (егер тарату ұшып өту сәтінде жүргізілсе, уақыт хабарланбайды);

ұшу биіктігін (эшелоны) ;

кезекті міндетті хабарламалар пункті (бұдан әрі - МХП) ұшып өтудің, жауапкершілік аймағынан шығудың есептік уақытын (байланысқа шығу уақытын) қабылдайды;

2) журналға белгі қояды;

3) шектес диспетчерлік пункттің диспетчеріне (бұдан әрі – шектес ДП) (AFIS органына), егер мұны үйлестіру шарттары талап етсе, ӘК жауапкершілік аймағына кіруі туралы хабарлайды;

4) сұрау салу бойынша әуе кемесінің экипажына теңіз деңгейіне келтірілген бағыт бойынша ең аз атмосфералық қысымды береді;

5) өзінің иелігіндегі ауа жағдайы, қауіпті метеоқұбырлар туралы ақпаратты (қажет болған жағдайда) береді.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 153-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 313-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

314. ӘК экипажы байланысқа шыққан және жауапкершілік аймағының (ӘҚҚ тарату шебі) шекарасынан ұшып өту туралы баяндама алған кезде, ҰАҚ ұсынуға жауапты орган:

1) ӘК экипажына іргелес ДП (ҰАҚ органы, AFIS) жұмыс жиілігін хабарлайды;

2) іргелес ДП диспетчерінен (ҰАҚ, AFIS органы), егер мұны үйлестіру шарттары талап етсе, ӘК қабылдау туралы растама алады және журналға белгі қояды.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 153-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 314-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

315. ӘК ұшып келген кезде, байланысқа шыққан кезде және ӘК экипажының жауапкершілік аймағының (ӘҚҚ беру шебі) шекарасынан ұшып өту туралы баяндағанда, ӘК экипажынан мынадай ақпаратты берген жағдайда:

1) ҰАҚ ұсынуға жауапты орган:

ұшу уақыты (егер тарату ұшып өту сәтінде жүргізілсе, уақыт хабарланбайды) және МХП атауы;

ұшу биіктігін (эшелоны);

кезекті МХП ұшып өтудің, жауапкершілік аймағынан шығудың есептік уақыты; қажет болған жағдайда қосалқы әуеайлақты (қону алаңын) қабылдайды;

2) әуе кемесі экипажының сұрау салуы бойынша теңіз деңгейіне келтірілген бағыт бойынша ең аз атмосфералық қысымды береді;

3) ӘК экипажына метеорологиялық ақпаратты және әуе қозғалысы туралы ақпаратты береді (қажет болған жағдайда);

4) журналға белгі қояды.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 154-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 315-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

316. ӘК экипажы жауапкершілік аймағынан шығу туралы баяндағаннан кейін ҰАҚ ұсынуға жауапты орган:

1) ӘК экипажына іргелес ДП жиілігін хабарлайды (AFIS органы);

2) іргелес ДП-ның диспетчерінен (AFIS органы), егер мұны үйлестіру шарттары талап етсе, ӘК қабылдау туралы растама алады және журналға белгі қояды.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 154-кестесінде келтірілген.

Ескерту. 316-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

317. Әуе кемесі авариялық жағдай туралы хабарлаған жағдайда ҰАО органы мынадай тиісті іс-қимыл қолдануға тиіс:

1) тану индексі мен ӘК типін, авариялық жағдайдың типін, ұшу экипажының ниетін, сондай-ақ ӘК орналасқан жері мен ұшу эшелонын анықтауға арналған барлық қажетті шараларды қабылдау, егер бұл ақпаратты ӘК экипажы нақты ұсынылмаса немесе белгісіз болса;

2) барынша тиімді көмекті ұсынуға қатысты шешім қабылдау;

3) ӘК көмек көрсете алатын кез келген басқа да ӘҚҚ органдарымен немесе басқа қызметтермен байланысу;

4) ӘК-ге экипажына келген талап етілетін ақпаратты, сондай-ақ кез келген қосымша тиісті ақпаратты, мысалы қолайлы әуеайлақтар, ең төмен қауіпсіз абсолютті биіктіктер туралы деректер, метеорологиялық ақпаратты беру;

5) осы жағдайға қатысы бар төмендегі ақпаратты ӘК пайдаланушыдан немесе экипажынан алу: борттағы адам саны, қалған отынның саны, қауіпті материалдардың бар болуы және олардың сипаты (Осы ақпарат ӘК экипажынан егер ол ақпарат пайдаланушыдан немесе басқа көздерден алынған болса және маңызды ақпаратпен шектелген болса ғана сұралады);

6) хабар тарату схемасында көрсетілгендей тиісті ӘҚҚ органына және өкілетті органына хабарлау.

Үлгісі осы Қағидалардың 2-қосымшасының 155-кестесінде келтірілген.

13-тарау. Диспетчерлік аймақта Қөзбен шолып ұшу қағидалары бойынша ұшуларды орындау

Ескерту. 13-тараумен толықтырылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

318. ӘК ұшып шыққаннан кейін ӘК экипажы әуеайлақтық диспетчерлік пункттің (бұдан әрі – әуеайлақтық ДП) диспетчеріне мынадай ақпаратты хабарлайды:

1) ӘК типі, шақыру белгісі (қажет болған жағдайда, тіркеу нөмірі);

2) ұшу биіктігі;

3) СТР шығу бағыты;

4) СТР-дан шығудың есептік уақыты (визуалды бағдардан ұшып өтудің есептік уақыты);

5) бірінші қону әуеайлағы;

6) жауапкердің ҚШРЛ коды (бар болса).

319. Ұшып шыққан ӘК экипажымен радиобайланысты орнату кезінде әуеайлақ ДП диспетчері:

1) ӘК-ні тану және бұл туралы ӘК экипажын хабардар етуге (бақылау жүйесі болған жағдайда);

2) СТР шығу шарттарын беруге, диспетчерлік аймақ үшін белгіленген КҰҚ бойынша ең төменгі абсолюттік биіктіктен төмен емес биіктікті тағайындауға;

3) әуеайлақтағы QNH қысымын хабарлауға;

4) қауіпті метеокұбырлар туралы (олар болған жағдайда) хабарлауға;

5) ӘК экипажын жедел және метеорологиялық ақпараттың өзгерістері туралы хабардар етуге тиіс.

ӘК СТР шекарасына жеткен кезде ӘК экипажына оның жұмысының жиілігін хабарлай отырып, іргелес ДП-мен радиобайланысқа ауысу туралы нұсқау беруге тиіс.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 157-кестесінде келтірілген.

320. КҰҚ бойынша ұшып келетін әуе кемелеріне пайдаланылатын рәсімге байланысты әуеайлақтық әуе кемелерімен байланыс орнату талап етіледі, ал әуе кемесінің экипажы диспетчерлік аймаққа кірер алдында нұсқау сұрай алады.

Әуежайда әуеайлақ ауданында ақпаратты автоматты беру қызметі болған кезде ӘК экипажы осындай ақпаратты алғанын растау қажет. Осы қызмет болмаған кезде әуеайлақтық ДП диспетчері әуеайлақ бойынша деректерді береді.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшасың 158-кестесінде келтірілген.

321. ӘК экипажынан диспетчерлік аймаққа кіру (ӘКҚ берудің белгіленген межесінен ұшып өту) туралы хабарлама алған әуеайлақтық ДП диспетчері:

1) ӘК-ні таниды және бұл туралы ӘК экипажын хабардар етеді (бақылау жүйелері болған кезде);

2) әуе кемесінің экипажына КҰЕ бойынша ұшу үшін белгіленген маршрутты береді ;

3) ҰҚЖ-ның таңбаланған нөмірін немесе қонудың жұмыс бағытын хабарлайды;

4) теңіздің орташа деңгейіне келтірілген әуеайлақтың атмосфералық қысымын хабарлайды (QNH);

5) КҰЕ бойынша ұшу үшін ең төменгі абсолюттік биіктіктен төмен емес биіктікті алу туралы нұсқау береді;

6) ATIS бойынша берілгеннен ерекшеленетін жедел немесе метеорологиялық ақпаратты хабарлайды;

7) ӘК экипажын әуе жағдайы туралы (қажет болған жағдайда) хабардар етеді.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 159-кестесінде келтірілген.

322. Егер келген ӘК-ге әуе қозғалысына байланысты ұшулардың әуеайлақтық шеңберіне кіру үшін рұқсат берілмесе, онда рұқсат алынғанға дейін көзбен шолу бағдарының үстінде күтуге нұсқау беріледі.

Ұшудың әуеайлақ шеңберіне кіруге рұқсат әуе қозғалысын, ұшу шеңберінің бағытын ескере отырып, ӘК беріледі, бұл ретте ұшу шеңберіне кіру кез келген нүктеде орындалуы мүмкін.

323. Ұшудың әуеайлақтық шеңберіне кірер алдында ӘК экипажына мынадай ақпарат беріледі:

1) әуеайлақтық ұшу шеңберін бағыттау;

2) ҰҚЖ таңбаланған нөмірі немесе қонудың жұмыс курсы;

3) теңіздің орташа деңгейіне келтірілген әуеайлақтың атмосфералық қысымы (QNH);

4) ұшудың әуеайлақтық шеңберіне кіру үшін белгіленген ең төменгі биіктік;

5) желдің бағыты және жылдамдығы;

6) ауа жағдайы туралы ақпарат (қажет болған жағдайда).

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 160-кестесінде келтірілген.

324. Шеңберді алуға қатысты нұсқаулар алу мақсатында сұрау салулар басқа ӘК-ні ескере отырып, шеңберді алуды жоспарлау үшін алдын ала берілуі тиіс. Әуеайлақ ДП диспетчері сол немесе оң шеңбермен қонуға кіру бағытын көрсетеді.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 161-кестесінде келтірілген.

325. Қозғалыстың басым жағдайларына және ӘК-ның келу бағытына байланысты тікелей қонуға бет алуды орындауға рұқсат беріледі.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 162-кестесінде келтірілген.

326. Ұшу шеңберіне кіретін ӘК экипажы ӘҚҚ органының нұсқауы бойынша өзінің орналасқан жері туралы хабарламаны береді.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 163-кестесінде келтірілген.

327. Шеңбер бойынша қозғалысты үйлестіру үшін диспетчер кідірту немесе жеделдету туралы нұсқау бере алады.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 164-кестесінде келтірілген.

328. Ұшу шеңбері бойынша жаттығу ұшуын орындау кезінде рульдеуге уақытты үнемдеу үшін әуе кемесінің экипажы ҰҚЖ-ға тоқтамай ("конвейерден ұшып шығу") ұшуды орындауға рұқсат сұрай алады, яғни әуе кемесі қонуды, жүруді және содан кейін тоқтаусыз ұшып көтеруді жасайды.

Үлгі осы Қағидаларға 2-қосымшаның 165-кестесінде келтірілген.

329. Екінші айналымға кетуге қатысты нұсқаулар қауіпті жағдайдың алдын алу мақсатында беріледі. Екінші айналымға кетуді орындау кезінде ӘК экипажына жүктеме көтеріледі. Екінші айналымға кетуді орындайтын ӘК бортына кез келген хабарламаларды беру қысқаша болуға және барынша азайтылуға тиіс. Егер басқа нұсқаулар болмаса, КҰЕ бойынша ұшуды орындайтын ӘК ұшудың әуеайлақтық шеңбері бойынша әдеттегі ұшуды орындайтын болады. Егер екінші айналымға кету ӘК экипажының бастамасы бойынша басталған жағдайда, "екінші айналымға шығамын (Going around)" деген сөз беріледі.

